



Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады

Жас өркен Қостанай

№3 (100) мамыр-маусым 2019 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Алма ДОЩАНОВА

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Нұрлан МАМИЕВ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Гүлнұр Кәкімбек
8702-917-69-39
менеджер-дизайнер
Әйгерім Шаяхметова

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.

Құрметті ҚМУ қауымы!

9 МАМЫР ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ!

Бұл жеңіс - жанқияр
ерлік пен қайсар
рухтың жеңісі!

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ



Сіздерді шын жүректен Жеңіс күнімен құттықтаймыз! Бұл Жеңіс батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриотзмнің ең биік өлшемі. Халқымыздың мызғымас бірлігінің, беріктігі мен қайсар рухының мерекесі. Сұрапыл соғыстағы аға буынның жан аямас жаужүректігі, ерен еңбегі, туған елге, жерге деген патриоттық ыстық ықыласы келешек ұрпаққа үлгі, бұл олардың санасында әрдайым жаңғырып тұрары даусыз. Бүгінгі жарқын мереке күні біз, бейбіт күн мен тыныштық сыйлаған қаһармандардың құрметіне басымызды иіп, соғыс және еңбек майдандарында өз үлесін қосқан барлық ардагерлерді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Баршаңызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, зор бақыт, бейбіт өмір мен береке-бірлік тілейміз.



**Ибрахим Ағытай-ахметтанушы,
қарт ұстаз, ҚР Журналистер Одағының
мүшесі.**

...Қазақ елі ұрпақтарының әлем өркениеті кеңістігіндегі озық жетістіктерді жүзеге асырудың педагогикалық-психологиялық негізі-ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің қазақ халқы алдындағы мәртебелі ісі. Осы сара жолды одан әрі дамытуды XX ғасыр басындағы Алаш оқығандары жалғастырды. Олар ең алдымен табиғаты таза, азбаған қазақ халқын өздері түсінбейтін араб, парсы сөздеріне лық толы оқулық, оқулардан арылтып, ой-пікірі қазақтың өзіндей еркін, сана-сезім жағынан пайдалы өнерге алып шығуды мақсат тұтты. 1912-1929 жылдар арасындағы Алаш оқымысты зиялыларының қазақ ұлтын әлем өркениеті жетістіктерімен хабардар ету жаратылыстану, қоғамдық гуманитарлық ғылым салалары бойынша бастауыш, орталау, орта, жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру, дамыту мақсатындағы өздерін құрбандыққа шалған қайраткерлік көзқарастарын жаңа-жаңа танып біле бастадық. Десек те, олардың еңбектерін үндеу, оқып-үйрену баяу, жоқ деуге де болады. Олар жазып, қолданысқа ұсынған оқу-құралдарының білім алудың барлық деңгейіне пайдалы екендігі белгілі бола тұра, керағарлық басым.

Бұл саладағы: Ахмет Байтұрсынұлының «Әліпби», «Тіл білімі», «Әдебиет танытқыштар» санатындағы Т.Шонанұлының, М.Дулатовтың «Қырағат» кітабы, Елдес Омаровтың «Кескіндеме», М.Жұмабаевтың «Педагогика», Ж.Аймауытовтың «Психология», Ә.Ермековтың «Есеп», Ж.Ақбаевтың

«Құқық саласы», М.Әуезовтың «Русский букварь для казахских детей» т.б. Алаш зиялыларының қазақ ұрпақтарын рухани жетілдіру мұрасындағы еңбектері қазақ халқы, қазақ қоғамы ұлықтайтын асыл мұралар.

Алаш зиялылары оқу, оқыту жайлы тек идея, терең теориялық пікірлер ғана айтып қойған жоқ. Оларды басшылыққа алып, қазақ халқының рухани жаңғыру жолындағы күресін жүргізді. Мысалы: Ахмет Байтұрсынұлы 1913жылы «Этностың пайда болуы және 1913 жылдардағы экономикаға саяси көзқарас» атты мақаласында экономика мен ғылым-білімнің тығыз байланыс негіздерін айырып: «Халықты озық технологиялық ақыл-оймен қаруландыра алсақ, онда шет жұрттардың езгісінен құтылатынымыз сөзсіз», - деп еді. Ұлт көсемінің XX ғасыр басында айтылған осы сөзі ғасырдан аса уақыт өтсе де бүгінгі ой-арамымыз емес пе?.. Қазіргі жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту Ахаң айтқан озық ой қамымен жасалып жатқан жоқ па?

Бір сөзбен айтсақ, қазаққа қажеттінің барлығын Ахаң болжап, қалам тартқан. Қазақтың бір туар қаламгері Әбіш Кекілбаевтың: «Ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып, қараусыз қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз (үздіксіз, дамылсыз, тоқтаусыз) қозғалысқа қосып берген; ертегінің ерлеріндей ерең тұлға», - деген ұлт көшбасшысы туралы анықтамасының теңдесі жоқ. Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға.

Ұлт ұстазының қазақ халқы үшін ұлттың әлеуметтік жағдайы, оның жетекші салалары: білім мен денсаулық жүйесі туралы бүгінгі күнге керек, құнын жоймаған және жоймайтын өте



ЖӘНЕ ОҚЫТУ ІСІ

құнды еңбектері де баршылық. Соның бірі: 1925 жылы «Жаңа мектеп» журналының №1 санында жарияланған «Баулу мектебі» атты тәлімдік мақаласы. «Өлі оқу, төте оқу, көрнекті оқу-бәрінің асылы - оқу», - деп басталатын мақала мазмұны оқу біткеннің барлығы нәрсенің өзімен, затымен айналыстырып үйретпей, тек нәрсенің атымен, бейнесімен ғана айналыстырып үйретеді. Бәрі де істің әдісіне үйретпей, тек мәнісін үйретеді. Теория жүзінде (қазірше) содан да оқу мектептерінен шыққандардың мәністі білімі мол болғанмен, әдіс тәжірибелік немесе практикалық білімі аз болады. Бұл әдіссіз тек мәніс білімі-өлі білім. «Тіршілік – тірлік шаруасы. Тірлік шаруасына үйрететін білімі тірі болуы керек», деп атап көрсеткен ұлт ұстазы.

Аханның осы пікірі қуатталып қазіргі білім саласындағы осы олқылықтарды меңгеруге, болдырмауға арналған. Нақтылап айтсақ, кәсіби білім беру саласында екі арналы оқу жүйесі (дуальное обучение) енгізіле бастады. Бұл – бүгінгі арнайы мемлекеттік бағдарлама, біртіндеп данышпан Ахаң көрсеткен баулу мектебіне көшу керек деген сөз болса керек.

Сөз соңында, кешегі Кеңестік дәуірде өткен ғасырдың 60 жылдары мұғалім болып жұмыс бастап, Тәуелсіздік куәгері болып қызмет атқарған аға буын өкілі ретінде Тәуелсіз еліміздегі білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер мен жаңашылдықтарды құптай отырып, ақпараттар бойынша хабарлап жүрген, кейбір жайттарға да өзіндік пікір білдірсем деймін.

Біріншіден: Қазақ мектептеріндегі басты байлығымыз - ана тіліміздің өз деңгейінен төмен дәрежеленуі. Ана сүтімен бірге даритын – ана тілін

әр ұрпақ қастерлеп ұстаса. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деген, Ахаң сөзін әрбір мектеп басшысы, ұстаздан бастап шәкіртке дейін жүрегімен ұғынып, санасына құйып өссе. Бұл үшін арнайы жарлық, өкім қажет емес, тек мектепшілік тәртіп, талап болуы шарт. Өлем елдерінің сауаттылар қатарына қосылу үшін – ұлт тілімен қаруланған ұрпақ керек.

Екіншіден: Қазіргі дамыған Қазақстан үшін кадрды сапалы даярлау аса маңызды. Сапалы маман-қоғам тегершігін оңға айналдырушы. Алдымен, маман даярлауды жоспарлы жүргізуіміз керек. Сапасына қарай саны. Бізге сапасыз қызыл дипломды маман емес, таза техникалық білімді кәсіби маман керек. Оқу мемлекеттік, таза білімдінікі болуы керек. Жан басына 2-3-тен дипломы бар мамандардың қазір жұмыссыз қоғамға бастап жүргені жасырын емес.

Үшіншіден: Мұғалім беделі туралы сөз. Мен әсіресе, ұлт мұғалімі туралы айтпақшымын. Бір ғана жүктемені азайтып, жалақыны өсірумен мұғалім мәртебесі артпайды. Ең алдымен, білімді ұстаз өзінің жеке ұлттық кескін-келбеті, жүріс-дұрыс, бой-басы мәдениетімен беделін арттырады. Қазіргі әйел ұстаздарымыз тым «европашылап» кетті. Бірінғай шалбарланып, юбка-кастюмді ұмытты, қолаң шаш, құшақ бұрым құрып, қас қиылды, шаш дударланды. Қазақ мектептерінде шүлдірлеген шүршіттер.

Ұлттың ұлағаты мол ана-апаларымыз, алысқа бармай-ақ өзіміздің көзіміз көрген: Мәриям апай Хакімжанова, Шәмшиябану, Ханиса Сәтбаева, Бибігүл, Әмина, Роза сияқты өнер тарландары, Шәмшә Беркімбаева апаларымыз ұлт-қыздары кейпімен есте мәңгі қалды емес пе? Ойласайық, ұстаз ағай-апайлар!..



ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР АЛАҢЫ



«Ахмет ұрпақтары» Кереку өлкесінде өткен «Ұлы даланың ұлағаты» атты журналистика мамандығы бойынша студенттер арасындағы XI Республикалық пәндік олимпиадаға қатысып, жүлделі қайтты.

Биыл олимпиада 2019 жылдың 15-16 сәуір аралығында Кереку өлкесінде өтті. Екі күндік білім додасына еліміздің түрлі өңірлерінен 17 университет, яғни 17 топ, әр топта 3 қатысушыдан 51 студент қатысты. Ахаң шаңырағынан біз, Айым Абдрашит, Назерке Дүкенбай, Айгерім Төлепова «Ahmet urpaqtary» тобы бардық. Сайыс 5 кезеңдік тапсырмадан тұрды. Бірінші кезеңде «Ұлы даланың ұлағаты» атты журналистік шеберлікті көрсететін бейнежазба дайындап, сол арқылы өз командаларын таныстырып өтті. Барлық командалар өз жері туралы және өздерінің шеберліктерін репортаж арқылы жеткізсе, «Ахмет ұрпақтары» топтан ерекшеленіп таныстыруды театрландырылған қойылыммен бастап, Қуандық Рахымның «Мен қазақпын» әніне сөз жазып, шеберлікті көрсететін

«Жатақхана өмірнамасы» атты қойылымдарын келген қонақтарға тарту етті.

Екінші күні үшінші кезеңде жас журналистердің теориялық білімін тексеру мақсатында 100 сұрақтан тұратын тестілеу өтті. Тест төрт пәнді қамтыды. «Жедел ақпарат» атты төртінші кезеңде қатысушы командалар олимпиада туралы дайындаған ақпараттарын сайттарға жариялау бойынша бәсекелестік. Соңғы бесінші кезеңде Павлодарда өткізген 2 күндегі әсеріміз бойынша «Ертіс-Баян өңірінің келбеті менің әсерімде» атты бейнесюжет дайындадық. Бұл сайыста да өзіміздің креативті журналист екенімізді көрсету мақсатында бар алған әсерімізді теленовелла күйінде жеткіздік. Бұндағы мақсат журналистің шеберлігі тек репортаж жасаудан ғана тұрмайтындығын дәлелдегіміз келді.

Керекудегі әсерімізді 2 минутқа сыйдыру мүмкін емес еді. Себебі бұл өлке тарихы мол өлке, елімізге танымал ең алғашқы академик Қаныш Сәтбаевтың, Шапық Шөкиннің, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Жүсіпбек Аймауытовтың, қазақтан шыққан алғашқы кинорежиссер Шәкен Аймановтың, Өлкей Марғұлан сынды қоғам қайраткерлері дүниеге келген жер. Барған күннен-ақ қаланы аралап, тереңірек танысуға мүмкіндік алып, аймақтың тарихы туралы мол мағлұматтар мен көрікті орындарына қанықтық. 2001 жылы ашылған Мәшһүр Жүсіп Көпеев мешіті мен 1942 жылы негізі қаланған Г.Потанин атындағы өлкетану музейіне бас сұқтық. Музейде Павлодардың ежелгі тарихын баяндайтын жәдігерлер мен осы өңір тумалары туралы ақпараттар жинақталған. Мұндағы бірнеше залдан археологиялық, палеонтологиялық, этнографиялық, нумизматика, сурет өнері коллекциялары, деректі, ғылыми, өндірістік жинақтамалар мен қару-жарақтарды көріп, таңтамаша болдым. Халық әншісі, композитор болған Майра Шамсутдиноваға да туған жері арнайы мүсін жасатыпты. Мұнда көпестердің үйлерін, базарын



бейнебаянмен жалғастырдық. Екінші кезеңде берілген 10 тақырыптың біріне эссе жаздық. Бұл кезеңде болашақ тілшілер жазу шеберліктерін паш етті. Қала бойынша экскурсия жүргізіліп, С. Торайғыров атындағы ПМУ «Қыз Жібек» клубы

кездестіресің, олар көненің көзіндей келтірілген. Екібастұздың, сайтан қайықтың тарихын білдім. Танданбасқа шара жоқ. Мұражайды бір сағаттан ары араласам да, сұлулыққа тамсанған, тойымсыз

Сайыс соңында «Журналист мамандарды даярлаудың өзекті мәселелері» атты брифинг өзікізді. Студенттер үшін өткен жергілікті журналистермен TedX форматындағы кездесуге қатыстық.



көздерімнің құмары канбады. Мұражайдан шығып, сыртта қалған қыздарға кіргендегі әсемдікке жіпсіз байланғанымды сөзбен айтып жеткізе алмадым. Сол бір мұражай шырмауынан шыға алмайтын тылсым әлем секілді болып көрінді.

Қаланы тамашалау кезінде Павлодарлықтардың тарихи орындар мен ғимараттарға ерекше құрметпен қарайтынын байқауға болады. Бұл өңірде автобустардан бөлек, трамвай да жүреді. Сондай-ақ, жергілікті тұрғындар ерекше жақсы көретін орындарының бірі – қалаға әдемі көрік беретін Ертіс жағалауына соқпай кете алмадық. Осындай керемет экскурсиядан кейін шабытымыз оянып, өлең жолдарын жазып, осылайша теленовелламыз дүниеге келген болатын. Павлодар қаласының білікті журналистерінен құралған қазылар да жоғары баға берді.

Олимпиада қорытындысы, әділқазылардың шешімімен командалық есепте үшінші орынды еншіледік. Екінші орын бізден 2 ұпайға алға шыққан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне бұйырды. М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті бірінші орынды иеленсе, жекелей сында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенті Бибігүл Таңатарова үздік атанып, олимпиада кубогына ие болды. Жекелей сында кубокқа ие болған өңір келесі олимпиаданы өткізетін болады.

Кеш соңында «Ертіс Медиа» ЖШС директорының орынбасары Жұмабек Сманов олимпиада жайлы өз ойымен бөлісіп, жас журналистердің дайындығына көңілі толмағандығын атап өтті. «Студенттердің дайындығы төмен екендігі көрінді. Біз тақырыпты аша білуіне, сауаттылығына, стиліне қарап баға бердік. Осы үш қырын аша біліп, ең жоғарғы ұпайды тек бір қатысушы алды. Ал, олимпиада бойынша қатысушылар эссе жазу кезеңінде ең төменгі ұпайларды еншіледі. Негізі журналист адам эссені жақсы жазу керек» - деп Жұмабек Сманов келген жас журналистерге кеңесін берді.

Осылайша киелі Кереку өңіріндегі үш күндік сапарымыз сәтті аяқталып, өңірімізге жүлдемен оралдық.

Айым ӘЛІМЖАН,
Журналистика мамандығының 3 курс
студенті



Ақылбек ШАЯХМЕТ

Қазақ халқының жиырмасыншы ғасырдағы рухани өркендеу кезеңі Алаш арыстарынан басталды деп те айтуға болады. Ғалым Ахмедов «Алаш Алаш болғанда» (Алматы: «Жалын», 1996 ж. 32 б) атты кітабында: «1922 жылы Орынборда қазақтың халық ағарту институты ашылды, деректірі Нұрсұлтан Бекетов деген бір жылы шырайлы жақсы адам еді, кейін қайда кеткенін білмеймін. Одан соң Мұхтар Мұрзин деген ұзын бойлы, көрікті жас жігіт болды. Көзінде пенсене, басына қазақтың түлкі тұмағын

Семей мұғалімдер семинариясын бітірген (1939 жыл).

5. Шонанов Телжан (1894 – 1938 жыл), Ырғыздан, Орынбор қазақ мұғалімдер мектебін бітірген (1916 жыл).

Алаш зиялыларының тіл дамытудағы негізгі ұстанымдары мен көзқарастары әртүрлі болды. 1924 жылдың маусымында Орынборда өткен қазақ-қырғыз ғылыми қызметкерлерінің І-і съезінде терминологияны дамыту мәселелері сөз болған. Бұл бас қосуға Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхаметұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Елдес Омарұлы,

еді. Дұрысында адам баласының ақылы түрлі ұғымдарды Телжанша жіктеуді көтермейді, - оны тап-тапқа бөліп жіктегенде, әр тапты біріне бірі қатыспайтын қылып жіктейді. Қазақша 24 дыбысты бізде солай қылып жіктеп отырамыз: бірінен бірінің еш басқалығы жоқ дыбыстарды өз алдына бір тапқа кіргізіп жіктеп отырмыз. «ң», «н», «м»-үшеуін бір тапқа кіргізіп жіктеп отырмыз: бұл үшеуінің дауысты дыбыстармен ортақ қасиеті де толып жатыр («баланың», «нанның»; «баламен», «нанмен», «балада», «нанда»), бұлардың жарты дауысты дыбыстармен ортақ қасиеттері де

ЕЛДЕС ПЕН ТЕЛЖАН ДОСТЫҒЫ

киіп жүруші еді. Қазақтың сол кездегі білімді азаматтары: Ахаң, Міржақып, Жүсіпбек Аймауытов, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Молағали Жолдыбаев, Жұмабай Оразалин және басқалары сонда сабақ берді. Ахаң әдебиет теориясынан, Мұхтар математикадан, Елдес физикадан, Міржақып жағрафиядан, Жүсіпбек педагогикадан, Телжан мен Жұмабай қазақ тілінен, Молдағали саяси сабақтан лекция оқыды. Сонда Елдес физика, Міржақып есеп оқулықтарын жазды. Москвада шығып тұрған «Жизнь национальностей» журналының 1923 жылғы екінші нөмірінде 1922 жылы Орынборда Мағжанның «Педагогика» оқулығы басылып шыққаны туралы хабар бар» - деп жазған болатын.

Алаш арыстары саясатта да, халық ағарту саласында да тізе қосып қызмететті. Тарихи құжаттарға қарағанда Алашорданың оқу комиссиясының мүшелері бес адам болған.

1. Байтұрсынов Ахмет (1872 – 1937 жыл), Торғайдан, Орынбор қазақ мұғалімдер мектебін бітірген (1895 жыл).

2. Жұмабаев Мағжан (1893 – 1938ж), Қызылжардан, Омбы оқытушылар семинариясын бітірген, (1917 жыл).

3. Омаров Елдес (1892–1937жыл) Қостанайдан, Орынбор мұғалімдер мектебін бітірген. (1911 жыл).

4. Сәрсенов Бидахмет (1885 – 1921) Шығыс Қазақстаннан,

Телжан Шонанұлы бастаған алаш зиялылары мен Ишанғали Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысқан болатын.

Елдес қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жасалған «Жазу ережелері» деп аталған баяндамасында: «Телжан «и» мен «у» дауысты дыбыстар табына кіргізгенмен еш кемшілік болмайды деді. Жалғау, жұрнақтарды түбір сөзге Телжанша жалғап тексерсек: қазақша дыбысты тап-тапқа бөліп жіктеу мүмкін болмайды. Ұяң дыбыстардың ілік жалғауы «ның» болады («нанның», «шаңның»), дауысты дыбыстардың ілік жалғауы да «ның», «баланың», «кісінің» дыбысты Телжанша тексерсек, ұяң дыбыстарды да дауысты деп білуіміз керек. «Сын», «сіз» сықылды жіктеулер, «шы», «шыл» сықылды жұрнақтар, дауысты дыбысқа да барлық дауыссыз дыбыстарға да тек бір түрде ғана жалғанады («баласын», «баласыз», «жылқышы», «қарашыл», «азсын», «азсыз», «малшы», «қазақшыл»). Телжан мұндай жұрнақтарды дәлел қылып, дауыссыз қатаң дыбыстардың дауысты дыбыстарға қосылмайтын жерлері де бар, сондықтан қатаң дыбыстарды дауысты дыбыс табына кіргізгеннен де артық кемшілік болмайды –деуі мүмкін. Түрлі ұғымдарды тап-тапқа бөліп жіктегенде, Телжанша жіктейтін болсақ: ешбір ұғымда да тұрлаулы қылып жіктеу мүмкін болмас еді, - ешбір пәнде де жүйе болмас

көп («нанды», «сұуды»; «нансыз», «сұусыз»); бұл үш дыбыстың басқа дыбыстардың қайсысымен де ортақ қасиеттері жоқ емес; бірақ бұл үш дыбыс дауысты дыбыстардан да басқаша («баланы», «нанды», «баладан», «наннан»), жарты дауысты дыбыстардан да айырылып шығады («сұулар», «нандар»); ымыралы, қатаң дыбыстардан да осындай басқалығы бар. Бірақ бұл үш дыбыстың өзара бірінен бірінің басқалығы жоқ; біз осындай, өзара бірінен бірінің басқалығы жоқ дыбыстарды жиып, өз алдына бір тап қылып жіктеп отырмыз. «Р», «у», «и» - үшеуінің бір бірінен еш басқалығы жоқ, сондықтан бұл үшеуін бір тап деп отырмыз, түрлі ұғымды тап тапқа бөліп жіктеудің осындай мәнісі болады. Оны Телжан білу керек еді, сүт еметін жануарларды Телжанша жіктеп: «бұзау торпақ, ұрғашы сиыр, бұқа – бәрі де сиыр; бірақ өгізді сиырдың табына кіргізуге болмайды, өгіздің атқа ұқсас жері көп, сондықтан өгізді – жылқы деп білу керек: өгіздің жылқыға ұқсамаған жері де бар, бірақ жылқыға ұқсаған жері де бар, - өгізді жылқы дегеннен артық кемшілік болмайды» - деу қанша қисынды болса, «у» мен «и»-ді дауысты деудің қисыны да сондай» - деп өз пікірін дәлелдейді.

Ал 1926жылы Баку қаласында жасаған баяндамасында: «латын әрпімен Әбдірахман да, қазақ әрпімен мен де балаларды қатар оқытып көрейік. Қайсымыз бұрын

хат танытар екенбіз? Әрине (араб) қазақ әрпімен мен бұрын танытамын. Осылар осы тәжірибеге шыдамайды. Тіпті Әбдірахманның мұғалімдігі жоқ болса, латын әрпін көкке көтеріп, мактап жүрген Телжан-ақ оқытсын. Сонда да мен бұрын танытамын. Ол менің оқыту әдісіне Телжаннан шеберлігім емес, (екеуіміз бірдейміз) қазіргі қазақ әрпінің жеңілдігінен» - дейді.

Телжан Шонанұлы әліпби мәселесі көтерілгенде Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлына қарсы шықты. Ол пікірталасушылар

баяндап, оның осы достығы үшін күйгенін де ашып жазады:

«ҚазМУ-нің сол кездегі директоры Ошков Елдес Омарұлын да әшкерелеуге асығады. Оны Университеттің тілдер кафедрасы 1937 жылғы 13 қазанында өткен мәжіліске салады. Кафедра мәжілісінде әрі директор, әрі тілдер кафедрасының меңгерушісі Ф.Т. Ошков, биология факультетінің деканы Митрофанов, оқытушылар И. О. Байков, М. Б. Байкова, И. О. Папоротная, Рат және Омаров қатысады. Мәжілісте биология факультетінің екінші к у р с

Қазақ мемлекеттік университетінде тіл кафедрасында өткен төтенше мәжіліске кафедра меңгерушісі Ф. Т. Оликов, биология факультетінің деканы Митрофанов, осы факультеттің оқытушылары И. О. Байков, М. Б. Байкова, И. О. Папоротная және Рат қатысты. Осы жолы «халық жауы» Телжан Шонановты қорғаған іс-әрекеті үшін Елдеске де айып тағылып, сөйлегендер оның да «халық жауы» екенін дәлелдеуге асықты.

Елдес Телжанды Орынбордағы халық ағарту институты ашылған күндерден бастап білетін. 1922




Телжан Шонанов

емле мен әліпбиді шатастыруда дей келіп, «Емлеміз жақсы дегенге қосыламыз. Бірақ таңбамыз, әліппеміз, арабымыз жақсы дегенге қосылғым келмейді. Орыс жолдастар: қазақ латын әліппесін алса, қазақша тез үйренеміз дейтін көрінеді. Бұл тіл мен әліппені шатастыру болады. Бұл да дұрыс емес. Осындай шатастырулар арабшыл жолдастар арасынан көбірек табылады» деген пікірді ұстанды. Тіпті Елдестің «латыншылдар ғылым терминдерін қазақшалауға қарсы» деген пікірін теріске шығарды. Телжан Шонанұлы әліппе өзгерсе тіл өзгереді дегендердікі жөнсіз деген тұжырымды ұстанды. Алайда, осындай пікірталастардың өзі Елдес пен Телжанның достығына сына қаға алған жоқ.

Журналист Шәрбану Бегімқұлова «Қазақстан әйелдері» журналында жарық көрген Телжан Шонановқа арналған мақаласында Елдес Омарұлының Телжанмен достығын

студенттерінің оқытушысы Омаров «халық жауы» Шонановты ерекше қорғаштағаны жайлы арыз тыңдалыпты. Осы арыздың негізінде кафедра мәжілісі болған күнгі бұйрықпен Омаров «контрреволюционер Шонановтың ашық қорғаушысы» деп қызметінен босатылған. Мұнымен де тынбай, Е. Омаровтың отбасын ҚазМУ-дың ғылыми қызметкерлері тұратын жатақханадан да «Шонановтың ашық қорғаушысы» болғаны үшін қуып шығады».

Елдес Омарұлы қазақ тілінің, қазақ әрпінің ғана емес, жүрегі қазақ деп соққан, елім деп еңірген талай ердің қорғаушысы болған, ажал алдында да қаймықпай, тура сөзін айта білген азамат еді. Университетте доцент болып қызмет атқарып жүрген Телжан Шонанұлы мен оның келіншегі Шахзадаға «халық жауы» деген жала жабылғанда Елдес қарап отыра алмады. Оның Телжанды ақтап және ашықтан-ашық жақтап сөйлеген сөзі оқу орнының басшылары арасында үлкен дүрбелең туғызды.



Елдес Омарұлы

жылы ашылған бұл оқу ордасына ұзын Мұхтар директор болды. Ба-сына қазақтың түлкі тымағын киіп жүретін ұзын Мұхтар қазақтың сал-серілеріне көбірек ұқсайтын. Осы білім орнында Телжан қазақ тілінен, Елдес физикадан дәріс оқыған еді.

Елдес өзіне сауал қойған оқытушыларға: «Шындығында мен аудиторияда Шонанұлының тәжірибелі методист екендігін және оның оқыту жүйесінде зиянды дәнне де байқамағандығымды айтқаным рас... Бұрын менің Шонанұлымен қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты пікір қайшылықтарым болған, әйтсе-дағы өз ісін жетік білетін маман ретінде оны құрмет тұтатынымын, ол жағынан зиянкестік қылмысы жоқ деуімнің себебі де сондықтан», – деп жауап берген.

Шығып сөйлегендер бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай оны жерден алып, жерге салды.

Мәжілісте Оликовтың ұсынысымен: «биология



факультетінің екінші курс студенттерінің арызын талқылай келіп, қазақ тілі пәнінің оқытушысы Елдес Омарұлының көп алдында әшкереленген халық жауы Телжан Шонанұлына тағылған айыпты жөкке шығарып, студенттер арасында үгіт жүргізуі мен НКВД органына сенбестік туғызып, контрреволюционерді ашықтан-ашық қорғаған іс-әрекеті үшін тіл кафедрасы оның тез арада қызметтен қуылуын талап етеді» деген қаулы қабылданады.

Дәл сол күні қазан айының 13-де ҚазМУ директорының № 159 бұйрығы бойынша жұмыстан босатылады. Келесі күні жатақхана коменданты Устиновқа Елдестің отбасы тұрып жатқан Қартонный көшесіндегі 80-ші үйдің 1-ші пәтерінен оны күштеп шығару тапсырылады.

Елдес Омарұлының жақын інісі ғалым Марат Шуақов: «Елдес Омаров работал на одной кафедре казахского языка вместе с Телжаном Шонановым, который так

же участвовал в движении Алаш - Орды, а также был языковедом и методистом, написавший и выпустивший в 1927 году в Кызылорде «Самоучитель киргизского языка для русских». По материалам заседаний кафедры казахского языка у них постоянно возникали постоянные споры и на некоторые заседания кафедры Телжан Шонанов не приходил в знак своего протеста.

Ранее, были представлены точки зрения Елдеса Омарова и Телжана Шонанова по развитию казахского языка и когда Шонанова арестовали, то мой дед выступил в его защиту. Он сказал, что их отличают подходы к изучению казахского языка, но он никогда не был врагом народа и контрреволюционером и поэтому сразу же следует следующий приказ» - деп жазды. (Елдес Омарұлы. Шығармалары. Астана: «Фолиант». 2017 ж). Бұйрықтың көшірмесін қаз қалпында орыс тілінде беріп отырмыз.

П Р И К А З № 1 5 9

по Казахскому государственному университету от 13 октября 1937 г.

Констатируя недопустимый факт проявления попыток со стороны преподавателя Омарова вести среди студентов агитацию по защите разоблаченного врага народа Шонанова, пытаюсь убедить студентов в невиновности Шонанова во вредительстве, как «методиста» и «языковеда»,

Снять с работы КазГУ Омарова с сего же числа, т.е. 13/X - с г. как открытого защитника контрреволюционера Шонанова.


Д и р е к т о р К а з - Г У /Ф.Т. Оликов/ 13 / X - 1937 г.

Основание: ЦГА РК, (ф. 1352, оп.1, д.154, л. 238).

Осы тарихи айғақтар Алаш арыстарының жүргенде жолы бірге, шығарда жаны бірге болғанын дәлелдейді.

Констатируя недопустимый факт проявления попыток.

Елдес Омарұлының кітаптары



Елдес Омарұлы шығармалары. 1-том. - Алматы: - «Лұғат» қоғамдық қоры. - 2018.

Бұл томға Е.Омарұлының тіл білімінің түрлі мәселелеріне, жазу, емле, дыбыс, таңба, әліпби, тағы басқа да тақырыптарға арналған 31 мақаласы және «Синтаксис танытқыш» атты бұдан бұрын

мүлде баспа бетін көрмеген еңбегі еніп отыр. Қазақ жазуы мен емлесінің қалыптасуы, даму жолынан мол ақпарат, терең білім алғысы келген, мамандарға қазақ тілінің ғылыми синтаксисі, сөз тіркесі синтаксисі мен сөйлем синтаксисі туралы терең мағлұмат береді.

Кітаптың тіл мамандарына, сондай-ақ ғалымдарға, зерттеушілер мен ізденушілерге берері мол.

Елдес Омарұлы шығармалары. 2-том. - Алматы: - «Лұғат» қоғамдық қоры. - 2018.

Бұл томға Е.Омарұлының «Жер заңы», «Ақы заңы», «Лениннің ұлт мәселесі тақырыпты сөздері» атты аудармалары енді. «Жер заңы» Кеңес Үкіметінің алғашқы жылдардағы Одақтас Республикалар аумағында жүргізілген жер саясатын нақты көрсетеді. «Ақы заңы» - Кеңес Одағы азаматтарының экономикалық қарым-қатынасын реттейтін, олардың құқықтары мен жауапкершіліктерін көрсететін заңнамалық құжат. «Лениннің ұлт мәселесі тақырыпты сөзі» кітабында Ресейдегі Төңкерістен бұрынғы және Төңкерістен кейінгі ұлт мәселесінің жай-күйіне, сондай-ақ жаңа орнаған Кеңес Үкіметінің ұлт мәселесінде ендігі ұстанатын саясатының қалай болу керектігі көрсетілген.

Аудармаларда түрлі экономикалық, саяси, заң терминдері қазақша берілген және қазақ тіліне икемделген. Аудармалардың зерттеушілер мен аудармашы мамандарға, сондай-ақ қалың оқырмандарға берері мол.



ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ҚАЗАНЫ



ҚМИУ-де белгілі қоғам қайраткері Жұмағали Арыстанмен кездесу өтті. Кездесу Жұмағали Арыстанның Қарағанды мемлекеттік индустриалды университетімен ынтымақтастығында, отбасының ұлттық және рухани құндылықтарын, қазақ халқының мәдениетін жандандыруға, отбасылық мәдениет пен дәстүрді жас ұрпаққа сақтауға және таратуға бағытталған Жұмағали Арыстанның «ҚазанНАН» авторы, жобасын жүзеге асыру аясында өткізілді.

«ҚазанНАН» жобасын іске асыру 2017 жылдан, Қостанайдағы мемлекеттік мереке Наурыз мейрамымен бастау алады. Ұлттық тағам Наурыз-көжемен толтырылған қазан, тұрғындар мен қалалық әкімшіліктің ерекше назарын аударған. Ата-бабаларымыздың дәстүрін жандандыру идеясы дәстүрлі қазақ тағамдар арқылы Қазақстанда өндірілетін дала мен табиғи өнімдердің энергиясымен толған сәтті жүзеге асырылды.

Бұл жоба қазір ҚМИУ-де белсенді түрде жүзеге асырылуда. Жобаны іске асыру арқылы «Қазан – түрік сәйкестігін біріктіретін элемент ретінде. Өткен, қазіргі және болашақтағы» Теміртау қаласындағы ҚМИУ-нің студенттері мен жастардың арасында қазақстандық мәдениет пен халық дәстүрлерін танымал ету бойынша үлкен ағартушылық жұмыс жүргізілуде, ол Елбасының бағдармалық мақаласының аясында Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

Бұдан бұрын Қостанай облысында табылған ежелгі қазанның химиялық құрамын зерделеу бойынша университет зертханасында зерттеу жүргізілді. «Электрондық микроскопия инженерлік бейіндегі зертханасында және нано-технологиялар» ҚМИУ-де жүргізілген «Olympus DPO-2000» портативті экспресс-анализаторындағы химиялық құрамның рентгендік флуоресценттік талдауы нәтижесінде қазанда 7 химиялық элемент бар. Зерттеу нәтижесі қазанның құрамындағы химиялық элементтер, заманауи стандарттарымен дайындалған ыдыс-аяқтарымен сәйкес келетіндігін көрсетті. Зерттеу нәтижелері сертификатталған.

Кездесу барысында болашақ ынтымақтастықтың форматы талқыланды, қазан түріндегі сувенирлерді шығару жоспарланған, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізу, Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтқан ежелгі металлургияны зер-

делеуге ерекше назар аударылды.

Бірнеше жыл бойы ҚМИУ-ның профессоры Аманжолов Ж.К. Орталық Қазақстан аумағында мыс балқыту тарихын зерттейді, ол және ҚарМУ-ның әріптестерімен ежелгі балқыту пештерін қайта сынақтан өткізді. Бұған дейін ҚМИУ және ҚарМУ профессорларынан құралған экспедиция, Қарағанды облысында металлургиялық өндірістің белсенді дамығанын растайтын археологиялық табылулар табылды. Атасу кентін - қола дәуірінің ежелгі тау шахтерлерінің және металлургиялық өндірістің ең үлкен елді мекені. Мұнда қоланы термиялық өндуге арналған балқыту пештері табылды. Сондықтан, ежелгі әлемнің және қазіргі өркениеттің металлургиясының пайда болуы осында.

Бүгінгі таңда магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында ежелгі металлургия тақырыбы жалғасуда: «Кент таулары аймағындағы Алат қоныс аударатын ерте темір дәуірінің пештерінің балқыту өнімдерін талдау» тақырыбын магистрант Есболова Гүлжайна зерттеуде.

ҚМИУ-де «ҚазанНАН» жобасын іске асыру бойынша келесі бағыттар жоспарланған:

- Қоғамдық және мәдени іс-шараларды өткізу, қазан негізгі көрсеткіш болып табылатын, тамақ дайындау, мәдени мұра тақырыбында адамдардың қызықты кездесулерін ұйымдастыру, дәстүрлерді жаңғырту, жас ұрпақты дәстүрлермен таныстыру.

- Халықтың әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған сегменттерін қолдау мақсатында қайырымдылық акцияларын өткізу.

- «Қазандағы аңыздар» этникалық стильде мәдени-танымдық театрлық қойылымдарды өткізу.

- Қазақ халқының ұлттық тағамдары, салт-дәстүрлері тақырыбы бойынша баспа материалдарын шығару.

**Жылдың ЕҢ ҮЗДІК КУРАТОРЫ анықталды**

19 сәуірде Университетіміздің бас ғимаратында «Жылдың ең үздік кураторы» байқауы өтті. Биылғы жылғы сайыс жастар жылының аясында өткізілді. Сайыстың негізгі мақсаты – тәлімгерлердің мәртебесін арттыру, халқымыздың салт-дәстүрін насихаттау, кәсіби қызметте жоғары жетістіктері мен тәлімгерлердің шығармашылық, жаңашылдық жақтарын анықтау және заманауи тәлімгерлік тәжірибелерді тарату болып табылады.

Тәрбие жұмысы басқармасының басшысы – Гүлнар Сейтжанқызы

Куратор – бұл студенттерге үлгі болатын белсенді көшбасшысы.

Аталған іс-шарада 7 куратор бақтарын сынады. Атап айтқанда:

1. Селеуова Ләззат Амангелдіқызы - Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті;
2. Шандецкая Юлия Николаевна – Гуманитарлық-әлеуметтік факультеті;
3. Алтыбаева Гульмира Қасымжанқызы – Экономика факультеті;
4. Бекмағанбетова Мақпал Төлепбергенқызы – Инженерлік-техникалық факультеті;
5. Аубакирова Нұрсәуле Аманбайқызы – Заң факультеті;
6. Алдашева Динара Төленғалиқызы – Ақпараттық-технологиялар факультеті;
7. Исмаилова Жанар Байаршыңқызы – Аграрлы-биология факультеті.

Байқаудың алғашқы екі кезеңі факультеттерде өтті, нәтижесінде финалға әр факультеттен озық шыққан 7 куратор жолдама алды. Финал 3 кезеңнен тұрды: бейнеролик, сұрақ-жауап және үй тапсырмасы. Байқаудың ерекшелігі бейнероликтерді кураторлар емес студенттер дайындады. Олар өз кураторлары жайлы жай ғана айтып қоймай, басқа көзқараспен баяндалды. Сайыс жастар жылына сәйкес студенттердің ең өзекті мәселелерін көрсетті.

Сонымен қатар бұл байқаудың тағы бір ерекшелігі «стандартты емес сұрақ – креативті жауап, даралық және бірегейлілік» форматында өткенінде. Бұл кезеңде кураторлар тарапынан ең маңызды да мәнді жауап алынды.

Ақпараттық-технологиялар факультетінің белсенді кураторы Динара Төленғалиқызы: «Бұған дейін мектепте жұмыс жасадым. Университетте қалыптасқан, өмірге бейімделген студент қауымымен бірінші жыл жұмыс жасаудамын. Сол себепті де мен үшін жүктелген міндет маңызды. Өзімді тек ұстаздық қырынан ғана емес, тәрбиеші, бағыттаушы ретінде сынап көруге дайынмын».



Заң факультетінің ұжымын таныстырған Нұрсәуле Аманбайқызы: «Үздік куратор» сайысында жеңімпаз анықталып, конкурстық тапсырмалар берілгенімен,



емес, материалды да көмек беруге де дайынбыз».

нәтижесінде достық жеңіске жетеді. Себебі дайындық барысында бір-бірімізбен жақын араласып кеттік. Осындай достықтың арқасында кез-келген мәселені жеңуге дайынбыз. Ал студенттерге келетін болсақ, тек өзімнің тобыма емес, факультеттің барлық студенттеріне қолдан келген көмегімізді аямаймыз. Біздің факультетімізде қор құрылған. Оларға тек моральды көмек ғана



аямаймын».

Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің намысын қолдан бермеймін деп келген Ләззат Амангелдіқызы, «Куратор – студент үшін ең басты жанның бірі саналады деп ойлаймын» дейді, – «Студенттің өмірінде түрлі қиыншылықтар орын алады. Ата-анасы жырақта болған соң, қаладағы екінші анасы ретінде қолымнан келген бар көмегімді



Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің

кураторы Юлия Николаевна, «Студенттерім үшін мен қашанда үздік куратормын деп сенемін және конкурста қатысушы әрбіреуіміз білім алушылар үшін мәртебелі де мейірімді оқытушы болып қала бермекпіз».



Инженерлік-техникалық факультетінің мерейін асқақтатып келген Мақпал Төлепбергенқызының пікірінше, жастар – қашанда жалынды, ерекше ойлы, тың идеяларға толы. Маңдайыма бұйырған бұл тобым қай жағынан болмасын үздік нәтижелерді көрсетіп жүр. Ең ал-

дымен, бойымдағы бар күш-жігерім мен білімімді осы студенттеріме жұмсаймын.



Экономика факультетінің үздік кураторы Гулмира Қасымжанқызы үшін де ең бірінші орында студенттердің жағдайы тұрады. Қандай іс-шара болмасын куратор студенттердің басын қосып, жоспар құрып, әрқайсысының міндетін анықтап, содан кейін барып орындалу сатысына көшеді. Куратор-бағыттаушы. Себебі, оларға бағыт бере отырып, тәрбиелейді, бейімдейді.



Аграрлық-биологиялық факультетінің намысын қорғап келген Жанар Байаршынкызы: «Студент – жас, креативті, позитивті тұлға. Сондықтан барлық ойға алғанымызды бірге заманауи тұрғыда терең тәрбиелік мәнде бірігіп шешеміз. Бір күн шығармашылық жұмыспен айналыссақ, енді бір күні табиғат аясында демаламыз. Бұның бәрі студент пен куратор арасындағы ынтымақтастықтың көрінісі деп білемін».

Сайыстың үшінші үй тапсырмасы бойынша жылы қарым-қатынасты қозғау мақсатында ұйымдастырылды. Ақпараттық-технологиялар факультетінің студенттері ұстаздарының жан-жақты мінезі мен көңілін жеткізетін би билеп, қолдады. Өркениетті отанымыздың өренді ұрпақтарынан құралған әншілер тобымен заң факультетінің тәлімгері музыкалық қабілеттерін паш етсе, инженерлік-техникалық факультетінің көрініспен басталған шығармашылықтары түрлі жанрдағы бидің түрлерінен жинақтама жасап, әншілік қабілеттерімен бөлісті. Гуманитарлық факультет атына заты сай гитараның сүйемелдеуімен поэзияның үнімен құлақтың құрышын қандырды. Экономика факультеті білім алушылары ұстаздарымен бірге флеш-моб билесе, ветеринария

факультеті бәрінен ерекшеленіп, студенттің басына түскен қиыншылықтардан шығудың түрлі тәсілдерін көрсетті.

Өзім де ЖОО-дағы 5 жылдық қызметімде куратормын. Шынымен де, кураторлардың атқарып жатқан қызметі өте көп. Куратор өз алдына студентке ата-ана ретінде ақылын беріп, тәрбиелік іс-шаралар арқылы студенттердің бос уақытын ұйымдастырып, оқу үлгірімін қадағалап, студент ата-аналарымен тығыз байланыста болатын тұлға. Сәуір айының 19-ы күні ҚМУ-да өткізілген «Үздік куратор» сайысы жоғарыда сөз өтілген кураторлардың орасан еңбегін жақсы көрсете білді - дейді, педагог-ұстаз Амирхамзин Наурызбай.

Қазылардың шығарған қортындысы бойынша сайысқа қатысушы кураторлар грамоталармен марапатталды. Әділ-қазылардың шешімімен «Жылдың ең үздік куратор» атағын Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің оқытушысы Шандецкая Юлия Николаевна жеңіп алды. Куратордың пікірінше, «Кураторлық жұмыс менің кәсіби қызметімнің ең маңызды бөлігі. Бұл міндет мен үшін тек қағазбастылық емес, ең бастысы олардың қайғысымен бірге уайымдап, әр мәселесін түсіну. Куратор уақытының көп бөлігін студенттермен әңгімелесуге, маңызды мәселелерді шешуге, әр студент өз қабілетін көрсете алатын іс-шаралар ұйымдастыруға жұмсауы қажет. Маған берілген топпен 3 жыл жұмыс жасап келемін. Осы жылдар аралығында қызықты сәттер мен мықты ұжым қалыптасты, осы себепті биыл «Үздік куратор» конкурсына қатысуды ұйғардым. Олар мені барынша қолдады. Шығармашылық жұмыс пен сенімді қарым-қатынастың нәтижесі әрқашан жеңіс болмақ».

Екінші орынды Инженерлік-техникалық факультетінің кураторы Бекмағанбетова Мақпал Төлепбергенқызы ал үшінші орын Экономика факультетінің кураторы Алтыбаева Гүлмира Қасымжанқызына бұйырды. Сонымен бірге байқауға қатысушы кураторлар «Педагогикалық шеберлік», «Идеялар генераторы», «Шығармашылық көзқарас», «Педагогикалық идея» номинацияларымен марапатталды.

Гүлнұр КӘКІМБЕК





Мен ҚМУ-ды таңдаймын!



Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік Университетінде «Мен ҚМУ-ды таңдаймын!» видеороликтер байқауының жеңімпаздары анықталды. Байқау жеңімпаздары қалаған мамандықтары бойынша оқу грантын ұтып алды.

Грант сертификатын ұтып алу үшін қатысушылар ең алдымен өтініш жіберу керек. Одан кейін ҚМУ-не не себепті түскісі келетіні туралы баяндалатын 3-5 минуттық ролик түсіру керек. Бағалау критерийлері бойынша болашақ талапкерлердің тақырыпқа сай жұмысы, креативтілігі, ойын нақты жеткізе білуі қаралады.

Байқау финалистері атанған 7 оқушы өздерінің жұмыстарын комиссия мүшелеріне ұсынып, нәтижесінде тек 2 қатысушы грант сертификатын ұтып алды. Олар: № 10 орта мектептің 11б сынып оқушысы Нүсіпқан Жасұлан және № 5 орта мектептің 11е сынып оқушысы Сәрсенбаева Аружан. Грант сертификаттары тек соңғы қоңырауда тапсырылады. Ал барлық финалистер қатысканы үшін дипломдармен марапатталды.

Айта кету керек, ұсынылған жұмыстардың барлығы әділ-қазылар алқасының көңілінен шықты. «Конкурс нәтижесіне қарамастан, барлықтарыңыз біздің университет студенті атансаңыздар, қуанышты болар едік», - деді тәрбие ісі бойынша басқарма бастығы Беркенова.Г.С.

Еске салсақ, видеороликтер байқауы университетімізде 4-жыл өткізіліп тұр. Оған Қостанай қаласы және облысының барлық 11 сынып оқушылары және колледж түлектері қатыса алады.

Гүлден ҚОЙШЫМАН,
Журналистика мамандығының 2 курс студенті



ҚМУ – бұл менің таңдауым!



Студент – бұл ата-анасынан жыраққа кетіп өз өмірінің даңғыл жолын салуға кірісіп кеткен адам, - дейді ақпараттық жүйелер мамандығының 4 курс студенті Ерғали Құрбанбек. 4 жыл ішінде үздік нәтиже көрсете біліп, қазіргі таңда университеттің бетке ұстар студенттерінің бірі. Түркістан облысы Шардара ауданында Шоқан Уәлиханов атындағы жалпы орта мектепті бітіріп, арман қуып білімін шыңдайтын оқу орынын іздеген.

Ерғали Құрбанбек бүгінгі күні оқу үздігі, облыстық, республикалық байқаулардың жүлдегері. Осыдан 4 жыл бұрын мектепті тәмамдап, оқуға түсудің түрлі жолдарын іздестірген. Соңғы шешім «Серпін» бағдарламасы арқылы Қостанай мемлекеттік университетіне оқуға тапсырады. Ахаң атындағы қара шаңырақтың студенті атанады. 1 курс оқып жүргенде университет студенттерінің арасында өткізілген «алгоритм» пәнінен 1 орын иеленеді. Онан кейінгі жылы білімі мен қоғамдық істерге белсене ат салысуының арқасында «Үздік ондықтың» қатарына ілінсе, 2017 жылы Петрапавл қаласында өткен «Мені

шыңдаған серпін» кәсіби шеберлік байқауында өз мамандығы бойынша қатысып, жүлделі бірінші орынға ие болады. Университет қабырғасында білім алуымен қатар оны тәжірибе жүзінде іске асыра алатын студент үшін бұл үлкен марапат болды. Кәсіби қабілеттілікті жетілдіруде қашан да тәжірибе аздық етеді. Сондықтан әрдайым білім нәрімен сусындау бұл үлкен қасиет деп білемін. Ерғали, 2018 жылы Республикалық «Жас қыран» жинағына еніп, «Ең үздік студент-2018» төсбелгісімен марапатталады. Ғылымға деген құштарлығының арқасында көптеген жетістіктерге жетіп, жемісін көруде. Сонымен қатар президенттік шәкіртақы иегері болып табылады. Ерғалидің сөзінше, баласы үшін ата-анасынан естіген марапаттан артығы жоқ.

Қазіргі таңда кез келген бәсекеге қабілетті жас ретінде өз ісінің маманы атану үшін мамандық бойынша жұмысқа орналасқан. Қостанай қаласындағы Хит Қазақстан компаниясында жүйелік басқарушы қызметін атқарады. Ерғалиден студенттік шақ пен студент деген сөздерге түсінік беруді сұрадық.

Ерғали Құрбанбек: Студенттік шақ - ең есте қаларлық сәт. Ешкімге бағынышты емес сәт. Болашақтың жобасын жасайтын сәт. Студент өмірдің ащы мен тұщысын сезініп, нағыз өмірге аяқ басады.

Әйгерім ШАЯХМЕТОВА



ДАРАБОЗ – 2019



Жастар – кез келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші. Бұл оймен дауласудың өзі артық. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі - жастар секторы. Жастар секторына Қазақстанда айрықша назар аударылады. Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың 2019 жылды Жастар жылы деп жариялауы – біз үшін қуантарлық жағдай. Мемлекет тарапынан жастарға ерекше назар аударылып, жағдай жасалғалы отырғандығы белгілі. Дәл осы жастар жылы аясында және Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне арналып, 2019 жылы Қостанай қаласындағы 6697 әскери бөлімінде «Дарабоз-2019» интеллектуалдық сайысы өтті. Бұл сайыста жауынгерлермен бірге А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дің

журналистика мамандығының студенттері қатысты.

Жалынды жастардан құралған «ЖасStar» және «Болашақ» топтары өзара бақ сынасты. Айтулы шарада алдымен қатысушылардың жылдамдығы сыналса, одан кейін әр топтың жастар жылына байланысты түсірілген бейнероликтері көрермен назарына ұсынылды. Бірлік пен ынтымаққа негізделген додада қатысушылар өз өнерлерін ортаға салып, жоғары деңгейдегі дайындықтарын көрсетті. «Болашақ» тобы гитарамен әсем ән шырқаса, «ЖасStar» тобының өнері әсерлі диалогпен басталып, кейін ән-бимен жалғасты. 6697 әскери бөлім командирінің орынбасары майор Бауыржан Шораев пен университетіміздің аға оқытушысы Амангелді Шурентаев таласты тартыстың әр сәтін қалт жібермей, әділ бағаларын берді. Сонымен, сайыс қорытындысы бойынша «ЖасStar» тобы озып шығып, жеңімпаз атанды. Барлық қатысушыларға алғыс хат пен сыйлықтар табысталды.

Аяулым ЖАҢБЫРШЫҚЫЗЫ,
Журналистика мамандығының 2 курс студенті





Кафедра мақтанышы – Темірлан Талғатұлы



Студенттік өмір – ешқашан таусылмайтын және жауыр болмайтын тақырып. Себебі қызығы мен шыжығы қатар жүретін бұл кезең кімге болса да ыстық. Білім ордасы студенттерге тек қана білім беріп қоймай, олардың тұлға ретінде қалыптасуына үлкен септігін тигізеді. Студенттік өмір барынша қызықты әрі жемісті болуы үшін онда әрдайым белсенді болу шарт. Тек бір салада ғана емес, бірнеше бағытта жұмыс жасай білген көп жетістікке жетеді. Оның үстіне биыл елбасымыздың тапсырмасы бойынша 2019 жыл жастар жылы деп тағайындалғандықтан, назарда әсіресе белсенді студенттер. Сондай студенттеріміздің бірі экономикалық факультетінің белсендісі, өз мамандығының мақтанышы, спорттан да бірталай жетістікке жеткен Опин Темірлан Талғатұлы.

Мектеп кезінен қоғамдық әрі спорттық өмірде әрдайым алдыңғы қатарда жүретін Темірлан жетістігімнің басым бөлігі ата-анамның бала кезден үлкен әлемге деген белсенділігімді арттырғандарының арқасы дейді. Қазіргі кезде жас спортшы экономика мамандығының 4 курс студенті. Университеттің барлық іс-шараларында атсалысуға тырысады. Оқу ордамыздағы соңғы жылы болғандықтан университет қабырғасындағы жетістіктерін жиі еске алады. Соның ішінде спорттан жеткен марапаттарын тізбектеп берді. Жас спортшы Омск қаласында кикбоксан халықаралық жарыстан 3 орынды, Балхаш қаласындағы бокстан Қазақстан чемпионатында 3 орынды, Халықаралық дәрежедегі Ақтөбеде өткен жарыста жүлделі 2 орын және облыстық турнирлерде алғашқы орындарды жиі қоржынына салып отырған. “Ең үлкен жетістігімнің бірі - ол Ресейдің Анапа қаласында өткен “Әлем кубогынан” 1 орынды қанжығама байлағаным”, - дейді белсенді жас. Алар асулары мұнымен тоқтамайтынын, алда үлкен жоспарлар бар екендігін және ол құр сөзбен айтқанды емес, жеңіске жетіп таңғалдырғанды құп көретінін баса айтқан болатын.

“Идел болам десеңіз тек физикалық тұрғыда өзіңізді дамытуға тырыспаңыз, ой мен тілдің де қатар дамығаны абзал” дей келе болашақ маман өзінің кезінде ораторлық қасиеттерімен қатар ой өрісін дамыту мақсатында университет ішіндегі пікірсайыс клубында бірнеше жыл дебатпен де айналысқанын айта кетті. Бұл ортада өзінің ой санасы мен білімінің қаншалықты дамығанын аңғармай да қалғанын және осы хоббиі арқылы біраз жетістікке жетіп, республика бойынша көптеген дос тапқанын сөзге тиек етті.

Кейіннен өзінің сенімді болашағы үшін басқа да саланы іздей бастап, университет қабырғасында ел мақтанышы бола алатын офицерлерді дайындайтын “Әскери кафедраға” келіп бас сұққаны да бар. Сол кездегі 2 курс студентінің басты мақсаты оқуды аяқтаған уақытта дипломмен бірге әскери билетті және “лейтенант” атағын алу.

Студенттік өмірдің қызығына батып кетсең, тіпті артық уақытың да болмайды. Барлығын тек дамуға жұмсағың келеді. Бұл 4 жылдық өмірде мектеп кездерге қарағанда еркіндік басымырақ. “Мектеп оқушысы болғанымда барлығын бірдей алып жүруге шамам жететін, ол кезде мектеп президенті болып, “Жас ұлан” ұйымының басшысы қызметінде жұмыс атқардым. Мектепшілік олимпиадаларда жиі жүлделі орындарды алатынымын. Сол серпіліс әлі күнге дейін бойымда сақталған. Қоршаған ортамның мотивациясы арқылы әлі де көп шындарды бағындыра алатыныма сенімдімін”, - дейді белсенді жас.

Ендігі мақсатым университетті қызыл дипломға тәмамдау. Бұл менің болашағым және артымнан еріп келе жатқан інілерім үшін жақсы үлгінің көрсеткіші болары анық. Өзіме толығымен сенімдімін. Алдағы уақытта университет қабырғасында жеткен жетістіктерім өз мамандығымның тәжірибелі иесі атануыма мол септігін тигізеріне күмәнім жоқ.

Айшолпан ЕРЛАНҚЫЗЫ



**А.Байтұрсынов атындағы Қостанай
мемлекеттік университеті**



Қостанай мемлекеттік университеті - Солтүстік Қазақстандағы жетекші оқу орындарының бірі, аумақтағы ғылыми және мәдени орталық, мемлекеттік мәртебедегі жоғары оқу орнының көпжылдық дәстүріне қаныққан биік дәрежедегі сапалы білім алудың кепілі.

Университет бакалавриат, специалитет және магистратураның 58 және 17 докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша институционалдық аккредиттеуден өтті.

Білім сапасын қамтамасыз етудің тәуелсіз қазақстандық агенттігі өткізетін Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының Бас рейтингісіне сәйкес университет Қазақстандағы 10 үздік жоғары оқу орындарының тізіміне кіреді.

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ Университеттердің Ұлы Хартиясына (Magna Charta, Болонья қ, Италия) қол қойып, Болон процесі мен «Темпус», «DAAD» және т.б. халықаралық жобалар мен студент алмасу бағдарламаларының толық құқықты мүшесі болып табылады.

Италия, Германия, Финляндия, Австрия, Испания, Польша, Чехия Республикасының белгілі университеттері А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дің серіктестері болып табылады.



Аграрлық—
биологиялық
факультеті

Гуманитарлық-
әлеуметтік
факультеті

Инженерлік-
техникалық
факультеті

Ветеринария және мал
шаруашылығы
технологиясы факультеті

Ақпараттық
технологиялар факультеті

Экономикалық
факультеті

Заң факультеті

Факультеттердің құрамындағы 29 кафедрада бакалавриаттың 32 мамандығы, 2 арнайы жоғары білім, магистратураның 28 мамандығы, докторантураның 17 мамандығы бойынша кадрларды дайындау жүргізіледі.



Университет базасында *Инновациялық ғылыми-білім беру орталығы
Инновациялық білім беру технологиялар зертханасы
*Оқу ғылыми-өндірістік ветеринариялық клиника сы
*Лингвистикалық ғылыми-зерттеу зертханасы
*«Инновациялық инжиниринг» зертханасы
* Оқу телевизиялық студиясы
*Практикалық психология және педагогика диагностика кабинеті қызмет жасайды

Оқу мерзімі

Бакалавриат (күндізгі оқу) – 4 жыл
Маман (күндізгі оқу) – 5 жыл
Күндізгі және сырттай оқу (КБ) (колледж) – 3 жыл
Жоғары білім базасы негізінде сырттай оқу – 2 жыл
Магистратура, ғылыми және педагогикалық бағыт – 2 жыл
Магистратура, бейіндік бағыты – 1 жыл
Магистратура, бейіндік бағыты – 1,5 жыл

Құжаттарды қабылдау уақыты және емтихандарды тапсыру мерзімі

1-20 маусым – КТ өтініштерді қабылдау
20 маусым – 1 шілде – ҰБТ өткізу
20 маусым – 7 шілде шығармашылық емтиханға өтініштерді қабылдау
8-13 шілде шығармашылық емтихан өткізу –
17-23 шілде – КТ өткізу
10-30 шілде – магистратураға, докторантураға өтініштерді қабылдау
23-31 шілде – білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың өтініштерін қабылдау –
1-8 тамыз – КТ қайта тапсыруға өтініштерді қабылдау
10-20 тамыз – магистратураға қабылдау

Университетте көптілдік білім беру жүйесі енгізілуде, ағылшын тілінен кредиттер саны көбейіп, бірқатар пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі.

Студенттер мен магистранттар академиялық ұтқырлық аясында Қазақстан Республикасының және алдыңғы қатарлы шетел жоғары оқу орындарында білім алады.

Білім алушылар кәсіби тәжірибе мен тағылымдаманы шетелде және инновациялық отандық кәсіпорындарда өтеді.





Болашаққа бргіннен...



«Талаптан да білім мен өнер үйрен, Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл...»-деп жырлаған Шәкәрім Құдайбердіұлы. Уақыт өтіп, заман өзгерсе де бұл сөздің мәні өзгерген емес. Сондай талапты, білім мен өнер қуған жастар үшін 2010 жылдан бері ҚР-ның Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорынан шәкіртақы бөлінуде. Елімізде жыл сайын 80 студент Елбасы қорының стипендиаты атанады. Биыл да 80 грант бөлініп, оның 42-сі ғылым саласындағы мамандықтарға арналса, ал 38-ін өнер, спорт саласында білім алып жатқан үздіктер иемденген.

Қордың стипендиясы конкурс өткізу нәтижесі бойынша тағайындалады. Өзіндік талаптары да бар. Үміткерлер кемінде екі курсты сәтті аяқтап, оқу үлгерімі бойынша жоғары көрсеткіштерге ие болулары қажет. Университеттің шығармашылық, қоғамдық өміріне белсенді қатысып, ғылыми-зерттеу бағытында жетістіктерінің болуы шәкіртақы алу мүмкіндігін арттырады. Сол талаптарға сай келіп, үздік атанған студенттердің бірі – Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ-нің ветеринария және мал шаруашылығы факультетінің 4-курс студенті Ұлан Зейн.

Білімге құштар Ұлан 1-курстан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, түрлі байқауларға қатысып келеді. Мысалы, 2015 жылы «История научного стиля» атты еңбегімен студенттер арасында өткен ғылыми жұмыстар конкурсында 1 орынды иеленген. Ал, 2016-2017 жылдары «Национальная культура в условиях трехязычного образования» және «Обучение культуре страны изучаемого языка как основа успешной межкультурной коммуникации в будущем» еңбектерімен түрлі конференцияларға қатысқан және Ахмет Байтұрсынұлының 145 жылдығына орай ұйымдастырылған «Заманауи студенттік ғылымның

өзекті мәселелері және шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында «Жаңа туғаннан кейін суық жағдайда үйшіктерде өсірілетін сүтті бағыттағы бұзаулардың өсіп-даму ерекшеліктері» зерттеу еңбегін қорғаған болатын.

Ғылымнан бөлек өзге елдердің мәдениетімен танысып, оларды зерттегенді де Ұланның жаны сүйеді. Қостанай қаласындағы Қостанай-француз мәдени орталығында ұдайы өтетін шаралардың белсенді қатысушысы болып жүріп, француз тілін үйреніп алды. Одан басқа орыс, ағылшын, литва тілдерін де меңгерген.

Білімді жанына жақын еткен талапты студент 2017-2018 оқу жылының күзгі семестрінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша, ашық конкурс нәтижесінде жеңіп алған грант арқылы Литва Республикасының Каунас қаласындағы Александрас Стюльгинскис университетінде білімін жетілдіріп қайтты. Оқып қана қоймай сол елдегі ҚР-ның консулдығында өткен мәдениет фестивалінде волонтерлік қызметте болды.

ҚР-НЫҢ ТУҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ ҚОРЫНЫҢ СТИПЕНДИАТЫ

Негізі мінсіз кандидаттың сипаттамасы жоқ. Өйткені, үміткерлер әр қилы саладан, түрлі өңірлерден, ұлт өкілдерінен болғандықтан нақты ұтуға мүмкіндік беретін қасиеттер бар деп айта алмаймын. Барлық талапты студенттерге конкурсқа қатысып көріңіздер деймін. Мүмкіндікті пайдалану керек. Мен де толықтай сенімді болдым деп айта алмаймын. Бірақ күмәнмен қоса үміт те болды. Өйткені бұл мақсатқа жету жолында көп еңбектендім. Ал, еңбек – бәрін жеңбек!

ЛИТВА VS ҚАЗАҚСТАН

Айырмашылықтар өте көп. Литвадағы университетте мұғалімдерді және оқытын пәндерді студенттер өздері тандайды. Сабақ кестесін де білім алушылар оқытушымен келісіп белгілейді. Көбіне теориялық материалдар үй тапсырмасы ретінде беріледі де сабақ үстінде тек практикалық жұмыстармен айналыстық. Мысалы, биотехнология пәнін өткен кезде лабораторияда талдаулар жасадық, зерттеулер жүргіздік. Ал, тамақ өнеркәсібі пәні бойынша тамақ өнеркәсібінің сапасын анықтайтын тәжірибелер жасадық, тамақ өндіретін мекемелерге де барып қайттық.



ОҚУҒА КЕҢЕС БЕРЕМІН

Ұнатып оқитын жазушы – Федор Достоевский. Оның «Братья Карамазовы» туындысы көңілімнен шықты. Колумбиялық жазушы Габриэль Гарсиа Маркестің «Сто лет одиночества» кітабы өте қатты ұнайды. Осы шығармаларды студенттерге оқуға кеңес беремін. Бірақ әр кімнің талғамы әр түрлі. Дегенмен мамандыққа байланысты білімді тереңдетуге арналған, жеке тұлға ретінде дамуға көмектесетін кітаптарды оқу керек деп ойлаймын. Сонымен қатар, компьютерлік машықты дамытуға,

бірнеше істі бір мезетте атқаруға дағдыландыратын тайм менеджмент саласын меңгеруге кеңес берер едім. Өйткені, қазіргі кезде жұмыс іздеушілердің soft skills категориясы жоғары бағаға ие, жұмыс берушілер қызметтің жылдам, әрі сапалы орындалуына назар аударады.

Айгерім Шаяхметова
ГӘФ Журналистика мамандығының 3 курс
студенті





ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫН ТІККЕН АЗАМАТ



Алмат Жанәбілұлы Тұрсынов 1966 жылы 17 қаңтарда Қостанай облысы, Қарасу ауданын да дүниеге келген. Ақмола аграрлық университетін және 2000 жылы Сәкен Сейфулин атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясының «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығына оқыған. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Алмат Жанәбілұлы Қарасу ауданына оралып, ауыл шаруашылығын дамытумен айналысты. Оның құрған «Қарасу» компаниясы 1999 жылы Қостанай облысында бірінші болып егістікті өңдеуге химиялық буды қолдана бастады, бұл жердің ластануын 60% дейін қысқартып, арамшөп өсімдіктерінен топырақты тазартып, жарамсыз жерлерді пайдалануға мүмкіндік береді.



**Алмат Тұрсынов - «Қарасу» АӨК»
ЖШС бас директоры.**

Бүгінде облысымыздағы ірі ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші болып табылатын «Қарасу» серіктестігі ай сайын Астана нарығына өз өндірісінің ірі қара мал етінің 100 тоннадан астамын жеткізеді. Болашақта компания Астанада ірі қара мал еті, жартылай ет фабрикалары мен шұжық өнімдері сияқты – өз өнімдерін өткізетін фирмалық нүктелерін құруға ниетті.

Бүгінде «Қарасу» компаниясы тобы технологиялық өзара байланысқан бірнеше кәсіпорынды біріктіріп отыр. Оның құрамында 3 ірі мал шаруашылықтары, 9 - астық кәсіпорны, 2 - жоғары сапалы ұнды өндіретін кәсіпорын, сондай-ақ ет өңдейтін кәсіпорын жұмыс істеуде. Екі

элеватор мен дамыған астық қабылдайтын кәсіпорындар желісі бағаның ауытқуларына тәуелділікті төмендетуге, астықтың сапасы мен оны сақтаудағы тәуекелдерді бағындыра асайтуға мүмкіндік беріп отыр.

Компанияның әрбір қатысушысы қуатты өндірістік базаға және ауыл шаруашылығындағы жаңа жабдықтарға ие. Ондағы үш мал шаруашылықтары асыл тұқымды мал түрлерінің республикалық палаталарында тіркелген. «Қарасудың» машиналар паркі мен ауыл шаруашылығы техникасының механизмдері жалпы 1 мың данаға жетіп отыр. Компанияда 3 мыңнан астам жоғары білікті мамандар еңбек етуде.

Алмат Тұрсыновтың кәсіпорны ашылғалы бері жастардың спорт және мәдени іс-шараларын ұйымдастыруға назар аударылып келеді. Әлеуметтік жобаларға 1,5 млрд.тенгеден астам қаржы бөлініп, соғыс және еңбек ардагерлеріне, мұғалімдерге, дәрігерлерге, спортшыларға арналған 50 тұрғын үй мен 140-тан астам пәтер салынған. Қарасу ауылында балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебі және стадион, өңіртану мұражайы, мәдени-жастар орталығы, Восток ауылында мәдени-спорт кешені, Восток және Қарамырза ауылдарында екі балабақша, Қостанай қаласында «Жаңа-стар» стадионы мен түрлі-түсті субұрқақ ашылған. Сонымен қатар ұзындығы 2,95 шақырымға жететін Қарасу өзенінің арнасына тазарту жұмыстары жүргізілді.

Осыдан жиырма жыл бұрын құрылған кәсіпорын бүгінде алыс-жақын шетелдермен байланыс орнатқан. Агроөнеркәсіп кешенінде жеткен жетістіктері толайым.

Сондай-ақ Алмат Тұрсыновқа Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық салаларына қосқан зор үлесі үшін «Қазақстан Еңбек Ері», «Алтын жұлдыз», «Отан» ордені табыс етілді. Сонымен қатар Қазақстандықтардың тұлғалық тұрғыдан дамуына оң септігін тигізіп, өскелең ұрпаққа үлгі ретінде ұсынылған Қазақстанның «100 жаңа есім» жобасына жеңімпазы. Қазіргі уақытта Алмат Жанәбілұлы Тұрсынов астықты өңірге ғана емес, тұтас елімізге танымал азаматтардың бірі.

Нұргүл ОНДАСЫНҚЫЗЫ



Сан өнердің біреуі, болашақтың тіреуі



Тәуелсіздік – біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы еді. Азаттық жолында сан мыңдаған еліміздің ерен ерлері жандарын пидә еткен. Енді міне, тәуелсіздіктің жылы лебін біз, ХХІ ғасыр ұрпақтары сезіндік. Елімізде 1991 жылдан бері халық, ұлт, мемлекет игілігі үшін көптеген бағдарламалар, идеялар туып, жүзеге асып, тиісті нәтижелерін беріп келеді. Солардың бірі 2014 жылдың басында Елбасымыз жария еткен «Мәңгілік Ел» идеясы.



білген елбасымыз «Кез-келген ел өз келешегін болашақ ұрпағымен байланыстырады» деп айтып кеткен. Қазіргі таңда қоғамымызда кино өнері кең етек жайған өнердің заманауи түрі саналады. Онымен қоса, халықтың санасында ғылыми монографиялық еңбектерден гөрі, кинокартиналар мен әр түрлі образдар жақсырақ сақталып, оларға деген қызығушылық та артып келеді. Ұлтымыздың тамыры тереңде жатқан тарихын кино өнері арқылы халыққа жеткізетін болсақ, болашақта елін сүйер нағыз патриот азаматтар мен азаматшалардың көп болуы сөзсіз. Бұл тұста киноиндустрияда біршама туындылар жарыққа шығып, көрерменнің ықыласына бөленіп келеді. Мәселен, Рүстем Әбдіраштің басшылығымен түсірілген «Қазақ хандығы: Алмас қылыш» және «Алтын тақ»

«Мәңгілік Ел» идеясы – отандастарымыздың бірегей мақсаты мен қаһармандық ұраны десек, артық болмас. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты болуымен қатар тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу! Осылайша елбасымыз артта қалған ғасырлар құндылығын ардақтай отыра кемел келешекке байсалды қадамдар жасап, заманауи мақсат-мұраттарға жетудің шараларын көрсетті. Бұл мәселе тұңғыш президентіміздің «Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінде де барынша сөз етілген. Бұл мақаласында президент төл тарихымыз бен мәдениетімізді жіктей келе тарихи сананы жаңғырту мәселесін көтеріп, алты бірдей жобаны ұсынған. Солардың бірі – «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі».

Халықтың әл-ауқатын көтеріп, биік-биік белестерден асуда жастар қоғамының зор рөл атқаратынын

атты кинотуындылары соған дәлел. Аталған кинотуындылар Керей мен Жәнібек сұлтандардың Қазақ хандығын құру жолындағы көрген қиыншылықтары мен көтерген жүктерін барынша әсерлі көрсете отыра, сол замандағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, рухани мәдениет пен жырауық дәстүрді көркем жеткізе алды.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Өз тарихын білмеген халық өзін де сыйламайды» деген ұлағатты сөздерін арқау еткім келеді. Өйткені әлемге танылу үшін ең алдымен өзінді өзін танып алуың қажет. Ол үшін заман талабына сай дами отыра, өткенімізді бүгінімізбен сабақтастырып, жарқын болашаққа нық қадам жасауымыз қажет!

Жансая ТҰРҒАНБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 1 курс студенті



Станислав Кабелев – Қостанай мақтанышы



Н. Островский атындағы облыстық кітапхананың 80 жылдық мерейтойын атап өтеді. Кітапхана мерейтой қарсаңында Ресей Федерациясында тұратын атақты жерлестерімен маңызды іс-шаралар өткізді.

Мәселен, көктемгі күндердің бірінде Н. Островский атындағы кітапхана Приморск өлкесімен «Жүрекке жылы өлке» атты онлайн-кездесуі ұйымдастырды. Іс-шара Ресей Жазушылар Одағының мүшесі, Ресейдің еңбек сіңірген саяхатшысы Кабелев Станислав Владимировичпен онлайн-режимде өтті.



ходка қаласының марапаттарына ие.

Іс-шара музыкалық, би нөмірлерімен, «Жұлдыз» домбыра студиясының салтанатты орындауымен аяқталды. Қостанай облысы әкімдігінің «Қоғамдық келісім» КММ украин диаспорасы жанындағы «Эстель» би студиясы мен «Подруги» ансамблі кеш бойы жерлестер мен көрермендерге өз өнерлерін көрсетті. Станислав Владимирович Кабелев аудиторияны Наурыз мейрамымен, Қостанайдың 140 жылдық мерейтойымен құттықтады, туған қаласында болып жатқан барлық өзгерістерді құр жібермейтінін, Қостанай жыл сайын гүлденіп келетінін айтып, болашақта өз отанына қонаққа

Кітапхана қызметкерлері Қостанай жоғары медициналық колледжінің студенттері мен оқырмандарын Кабелев Станиславтың шығармашылық өмірбаянымен және жетістіктерімен таныстырды. Қазіргі уақытта жазушы 1958 жылдан бері Находкада тұрады. Ол 1939 жылы Багдад (Өзбекстан) қаласында дүниеге келген, мектепті 1958 жылы Қостанай қаласында бітірген. 1962 жылы Владивосток қаласындағы Қиыр Шығыс теңіз жорығы училищесін бітірді. Приморский судоремзаводында жұмыс істеді. Спорттық бағдарлау және туризм бойынша КСРО спорт шебері, туризм бойынша КСРО чемпионы, 1985 ж. қола жүлдегері, көп жылдар бойы кларнет пен саксофонда ойнаған. В. А. Арсеньев пен Н.М. Пржевальскийдің Приморский край бағыттарынан өтті, 25 жыл бойы «Сихотэ-Алинь» туристік клубын басқарды. Тарихи кітаптардың, көптеген очерктердің, ертегілер мен әңгімелердің авторы, авторлық кітаптар мен Находка кітап авторларының иллюстраторы. Станислав Кабелев жеңіл атлетикадан 10 спорт шебері, үш спорт шебері және спорттық бағдарлау бойынша 50-ден астам спорт шеберіне үміткер. Кабелев С. В. бір мезгілде дарынды және бірегей, КСРО үкіметінен, Ресей Федерациясының Үкіметінің, Приморск өлкесі әкімшілігінің және На-

ходка қаласының марапаттарына ие. Кітапханашылар қатысушыларға 2019 жыл – мерейтой және Станислав Владимирович үшін-2019 жылдың 21 қазанында біздің жерлесіміз 80 жылдық мерейтойын атап өтетінін жеткізді.

Онлайн-кездесуді ұйымдастырушылар жерлесіміз үшін «Алғыс хат» дайындаған. «Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапхана жүйесі» мемлекеттік мекемесі Н. Островский атындағы облыстық кітапхана директоры Сейдахметова А. Е. атынан директордың орынбасары Шибаева Е. В. жетістіктер, шығармашылық табыс пен жеңістер тілей отырып, «Алғыс хатты» салтанатты түрде оқыды!

2015 жылдан бастап Кабелев С. В. кітапхана ұжымымен белсенді қарым-қатынаста. 2015 ж. Тұңғыш Президент күніне орай кітапханада Харченко Сергей Васильевичтің «Две страны, две судьбы и одна цель» атты кітабының тұсаукесері өтті. Станислав Владимирович онлайн-режимдегі іс-шараға қатысып, оқырмандарды, кітапхананы Сергей Харченконы мемлекеттік мерекемен құттықтады.

Іс-шара БАҚ-да, «Қазақстан-Қостанай» телеарнасында, қазақстандық және ресейлік басылымдардың



мерзімді басылымдарында жарияланды. 2016 жылдың желтоқсан айында «Кітап шабыт береді» онлайн-кездесу өтті. Осы онлайн-кездесуге арнайы Кабелев С. В. бандерольмен кітапхана қорына «Элегия» әдеби клубының баспасында жарияланған 2015 жылғы «Край легенд и драконов» атты көркем-ақпараттық басылымды жіберді. Ұйым қызметкерлері «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының Тобыл таңы «Таңғы бағдарламасында» көрермендерге осы кітапты ұсынды.

2009 жылы туған Қостанайға сапар кезінде Станислав Кабелев «Строительный» кітапхана-филиалына «Звезда Бохая» авторлық кітабын сыйға тартты. Жазушы тарихи романды өзінің бірінші мұғалімі-Костенко Нина Семеновнаға арнады. Станислав Владимирович марқұм Нина Семеновнаны әрдайым жылы еске алады, бірақ жарқын естелік, ризашылық оқушының жүрегінде мәңгіге сақталған: «Менің өмірімде пайда болғаныңыз үшін ризамын, тағдыр маған сіз сияқты мұғалімді сыйлады...» Біздің жерлесіміз Нина Семеновнаның қыздары Наталья мен Татьянамен достық қарым-қатынасты қолдайды. Станислав Кабелевтің тұңғыш мұғалімі Панченко Наталья Леонтьевна Қостанай қаласының кітапхана жүйесінде көп жылдар бойы № 7 кітапхана-филиалының (қазіргі «Строительный» кітапхана-филиалы) меңгерушісі болып жұмыс істеген. Наталья Леонтьевна онлайн-кездесуге қуана қатысуға келісті.

Аудитория С. В. Кабелевтің көп қырлы тұлғасын ашатын электронды презентацияны, кітапханамен бірлесіп ынтымақтастық туралы бейнероликтерді қызығушылықпен тамашалады. Кездесуге

қатысушыларға «Кабелев Станислав Владимирович – жастарға үлгі» информ-буклеттерін сыйға тартты. Жазушы шығармашылық ұжымды «Жүрекке жылы өлке» онлайн-кездесуін ұйымдастырғаны үшін алғыс білдіріп, «Алғыс хаттарды», авторлық кітапты сыйлыққа жіберуге уәде берді, одан әрі жемісті ынтымақтастық тіледі.

К е з д е с у д і ұйымдастырушылар Кабелев Станиславпен өткізілген мұндай маңызды іс-шараның атакты жерлесіміз Ресей Жазушылар Одағының мүшесі, Ресейдің еңбек сіңірген саяхатшысы қостанайлықтардың жүрегінде өшпес із қалдыратынына сенімді! Біз, қостанайлықтар, атакты жерлесімізді мақтан тұтамыз!



Айгүл СЕЙДАХМЕТОВА,
«Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ директоры



Қазақстанда тұрып жатқанымна қуанамын...



Қазақстан...Құшағы ыстық, құлашы кең байтақ өлке. Байтақ елімізде 130-дан астам өзге ұлт өкілі бір атаның баласындай ырыс пен ынтымақтастықта ғұмыр сүріп келе жатырмыз! Осыншама ұлт пен ұлыстың өкілі республикамызда бірге тұрып, бірге жасап, бір мақсатқа жұмыла өмір сүріп келе жатқандығы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасы дер едім.

Ұлтаралық қатынастың жақсы жолға қойылуы, халықтар достығының нығаюы, әсіресе демократиялық жолмен дамып келе жатқандығы еліміз үшін өте қажет. Солардың негізінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды.

Аталған Ассамблеяның негізгі бағыты- ұлттық дәстүр мен мәденетті, ұлтаралық ынтымақтастық пен сабақтастықты өркендету. Осы орайда, ұлты өзбек болса да, жүрегі қазақ деп соққан Зарина жайлы сөз қозғағым келіп отыр.

Зарина Абдуллаева Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласында дүниеге келген. Ұлты-өзбек. Әкесі - Сабыржан өте сыйлы айналасына беделді. Негізгі мамандығы құрылысшы. Анасы - Зульфия көпшіл, сондықтан ол барша қауымның алдында құрметке бөленген.

Өзі қазіргі таңда балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істейді. Зарина Кентау қаласындағы Шортанбай Қанайұлы атындағы №2 орта мектептің түлегі. Мектепті өте жақсы бағалармен тәмәмдады.

Содан кейін алдына үлкен мақсат қойған қыз көп ойланып жатпастан Солтүстік өңірдегі астықты облыстың орталығы Қостанай шаһарына табан тіреді. Оған әрине бұл ауасы кәусар, табиғаты көркем қала бірден ұнады.

Көп өтпей құжатын өңірдегі беделді оқу орындарының бірі - Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті ветеринарлық факультетінің биотехнология мамандығына тапсырған болатын. Жұлдызы жанып, оқу орнына студент болып қабылданды.

Бұл күндері 4-ші курста. Сабаққа өте зейінді. Өзі ашық-жарқын мінезді қыз болған соң араласатын адамдары да аз емес. Олардың бәрі де өзбек ұлтының өкілі Заринаны құрметтейді, оқу озаты ретінде өздеріне үлгі тұтады.

АНА ТІЛІМІЗГЕ ӨТЕ ЖЕТІК

Ол қазағы қалың Кентау шаһарында туып өскендігін жоғарыда айтып өттік. Балалық шағы ағайындардың арасында өтті. Ұлтымыздың ұл қыздарымен аулада бірге ойнап, ана тілімізді бір кісідей меңгеріп алды.

Өзбек қызы мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ қазақ тілі мен әдебиетінен облыстық, республикалық пән олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы өте қажетті үш тұғырлы тіл мәселесіне де айрықша назар аударды. Ағылшын тілін де меңгеруге құлшыныс танытты.

Сөзімізге дәлел ретінде, осы жылы II Халықаралық студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысқанын да айтып өтсек оқырмандар ол жайлы біраз жайдан хабар болады деген нық сенімдеміз.

Сонымен кеше ғана Оңтүстік өңірден келіп, Қостанайдың ауа райына бейімделіп, жергілікті ағайындардың арасына сіңісіп кеткен Зарина уақыт өте университеттегі маңдай алды студенттердің біріне айналды.

Онымен әңгімелессең айтары өте мол. Себебі, ана тілімізде еркін сөйлейді. Өзбек халқы мен қазақ бауырларының арасындағы қарым-қатынасқа әрқашан да өзінің лайықты үлесін қосып келеді. Жоғары оқу орнында мұны білмейтіндер жоқтың қасы.

Жақында онымен тағы да жүздесіп, біраз жайға қанықтық. Қазақстанда тұрып жатқанына өзін бақытты сезінеді. Алдыңғы жыл Өзбекстанның Қазақстандағы жылы болып жарияланғаны белгілі. Өйткені, өзбектер мен біздің қазақтар бұрыннан тонның ішкі бауындай араласады. Өйткені, бәрімізде түбі бір түркі халықтары болып табыламыз.

Соңғы жылдары екі мемлекет арасындағы достық қарым қатынас бұрынғыдан да нығайды. Руханият саласында да байланыс өте жоғары. Бұрын да солай болған. Келешекте де солай жалғаса беретіндігі сөзсіз.

Өткен жылдарға назар аударатын болсақ, қос елдің қаламгерлері де сыйласқан. Қазіргі таңда Өзбекстанда да қаншама біздің қандастарымыз тұрады. Олардың ана тілінде білім алуына айрықша назар аударылуда. Тіпті қазақ тілінде шығатын республикалық басылым да бар.

Достықта шекара жоқ. Біз Зарина Абдуллаевамен бір университетте оқимыз. Ол өте адамгершілігі мол, қайырымды да мейірімді бойжеткен. Болашақта да осы оқу орнын аяқтап, халқыма адал қызмет етсем деп армандайды. Оған біз тек ғана алдағы уақытта ізгілік тілейміз.

Антина БЕРЕКЕТОВА,

Журналистика мамандығының 3 курс студенті



АУҒАНСТАН ЗАРДАБЫ

Оң екіде бір гүлі ашылмаған жап-жас боздақтарымыздың бөтен елде ажал құшып, жер жастанарын кім білген?

Соғыс аяқталып Кеңес Армиясының өз отанына оралғанына да 30 жыл толып отыр.

Тарих бетінде өзінің қанды ізін қалдырған ауған соғысы Кеңес Одағына абырой да, даңқ та әпермегені белгілі. Саяси болжамдардың құрбаны болған ауған халқына да, бас-қыншылық әрекетті он жылға тарта уақыт бойы шімірікпестен жүргізген Кеңес Одағы халқына да бұл соғыс қасірет пен қасқойлықтың үлгісі ретінде жүректерге өшпес жара салды. Бұл қан қақсап, әсіресе Кеңес билігінің сапында болған мұсылман елдеріне де ауыр сын, үлкен сабақ болғаны хақ. Әрбір ел, әр мемлекет өздерінің ішкі істерін, өз ұлты мен халқының пайдасы үшін, игілігі үшін дербес түрде шешуі тиіс екендігін ұқтыратын өмірлік өнеге ретінде де ауған соғысы барша ғаламға нұсқа, барлық билікке мысал болды.

1979 жылдың 25 желтоқсанынан 1989 жылдың 15 ақпанына дейінгі 9 жыл, 1 ай, 19 күн-ге созылған ауыр кезеңде КСРО Қорғаныс министірлігі Бас штабының деректері бойынша кеңестік 620 мыңға жуық адам соғысқа тартылса, оның 22 мыңы Қазақстандық әскері болған. Жарақат пен аурудан қаза тапқан 15526 адам болса, оның 924-і қазақстандық көрінеді. 2 мыңнан астамы мүгедек болып қалды. Хабар – ошарсыз кеткен және тұтқынға түскен 333 адамның 21-і Қазақстандық екен. Қостанай облысынан Ауған соғысына 1864 жауынгер қатысқан екен, жат елде 44 боздағымыздың сүйегі қалған, екі жауынгер із-түссіз жоғалып оралмаған. Бұл айтуға ғана оңай сандар. 18-ге жаңа толып, өмірді енді ғана бас-таған боздақтың мәйітін жерлеудің қаншалықты қиын екендігін бастан кешіргендер; (Садуақасов Әбілғазы Ажғалыұлы) Амантаев Тойлыбай Зұлқарнайұлы, Ергалиев Әнуэр-бек Темірбекұлы, Кулигайвичус Валера, Жаканов Әділбек Оразакұлы, Нургазин Темір-бек Шәкірұлы, Полонник Володия, Сыздықов Нұрлан Сұрағанұлы, Хайруллин Сайлау Фаз-ылұлы, Мельник Сергей, Қапасов Қайырбек әр жылдары ауған жерінде интернационалист жауынгер болғандар көздері мөлдіреп еске алады.

Қазақ даласынан аттанған әскери қызметкерлердің ішінде 86 жауынгер Кеңес Одағының Батыры/Фарид Шағалиев, Аушев Руслан Султанович, Керімбаев Борис Туkenович - қара майор т.б./атанып, қалғандары денсаулығымен, жүйкесіне орасан нұсқан келтіріп оралыпты.

Сол жылдары КСРО Ауғаныстан өкіметін қолдау үшін бюджеттен жыл сайын 800 млн (10 жылда 8 млрд) доллар бөлінген. Ал 40-армияны ұстау үшін жыл сайын 3 млрд-доллар бөлініп тұрған. 1989 жылы сол кездегі КСРО министрлер кеңесінің төрағасы К.Рыжков, бір топ экономистерге ауған соғысының барлық шығындарын есептеуді тапсырады. Алайда шығынның жан түршігерлік орасан зор көлемде екенін көрген өкімет

басшылары халықтың толқуынан қорқып, оны жарияламау керек деп шешкен. Кеңес экономикасын тығырыққа тіреп, дағдарысқа ұшыратқан факторлардың бірі осы. Ауған соғысы екені әбден дәлелденген.

Ең қиыны бұл соғыс нәтижесіз аяқталады. Кеңес жағы қолдаған Кабул үкіметіне қарсылар азиядың орнына күн санап өсе түсті-дейді Ауған зардабын өз көзімен көрген, талай жыл елдегі Ауған соғысы ардагерлеріне ұйытқы болған генерал-майор Мұрат Калматаев, Ауған

2014 жылы Жеңіс саябағында «Ауғанстан және локалды соғыстары ардагерлер одағы» Қостанай бөлімшесі төрағасы Манарбек Жәлелұлының бастауымен мемориалдық ескерткіш орнатылған. - Бұл соғысқа кейбіреулер айтып жүргендей «қызыл саясаттың құрбаны» деп сыңаржақ баға бермей, тарихтың осы беттерінде сан мыңдаған қазақтың тағдыры мен ерлігі жазылып қалғанын ескеріп әділ баға беру керек. Ауған соғысы жау-ынгерлері - шынында да бүгінде арамызда тірі жүрген нағыз батырлар.

соғысы ардагерлері қауымдасдығының төрағасы Сергей Пашкевич, соғыс ардагерлері төрағасы Мұрат Әбдішүкіров. Ал, Ауған соғысының қанды қыр-ғынынан аман-есен оралғанмен жандары жаралы 18 мың 360 Қазақстандық ардагер орта-мызда жүр.

Ұлы Отан соғысынан айырмашылығы жер мен көктей. Ұлы Отан соғысында тыл болды, соғыстың алғы шебі болды, бағыт-бағдар белгілі. Ал ауған соғысында болжам жоқ. Қай жағынан жау келеді? Белгісіз, жаңа ғана саперлер тазалап өткен жол үсті артын-ша мина жарылып, астан кестені шығып жатады. Жер астына қалашық жасап алған кеңес әскерлерінің қалай жүріп тұратынын жан-жақты зерттеген аянбайды, аямайды. Қолға түскенді қыра береді, соның бәрін көзіміз көрді. Кеңес әскерлері жауынгерлерінің денесін тіліп-тілім етіп, кесіп тастайды. Кектенеміз, біздің сабаздар да аянып қалмай-ды, сарбаз бауырлардың ыңырсыған ышқынған, шығарға жаны жоқ әрекетін көрдік. Оларды жігерлендіреміз, бәріміздің мақсатымыз дұшпандармен соғысу, қалай жеңіске жетеміз, қашан жетеміз, соғыс қандай жағдайда аяқталады, ол жағы тұманды, күмәнді дүние еді-деп еске алады жоғарыда есімдері аталған интернационалист соғыс ардагерлері.

Жоғарғы мәслихат депутаттары қатарында ауған соғысы ардагері генерал лейтенант Б. Ертаев бастаған топ ауған ардагерлеріне ҰОС ардагерлеріне теңестірілген жеңілдік-тіде алып береміз деп жүргелі де күндер өтіп жатыр.

Ауған соғысы туралы мәлімет жинап, жауынгерлермен жас ұрпақ жүрегінде отаншыл рухты оятуды мақсат тұтып, баспаға даярлаған Кожаканов Ілияс Мухамеджанұлы.

**Баймұқан ТЕМІРБЕКҰЛЫ,
Қостанай қаласы.**



Ел ертеңі – еңбекқор жастар



Егер арман - мұрат ізгі болса, Алла берген дарынның қуатын тапса, ол жарық көріп, халықтың игілігіне айналады.

Студенттік шақ – жалындаған жастық шағынның ең тәтті кезеңі. Қазіргі заманның жастары яғни, біздер заман талабына сай болуға тырысамыз. Елбасымыздың қолдауымен биыл жастар жылында берілген мүмкіндіктерді де қалт жібергіміз келмейді. Оқу ордасында білім алумен ғана шектелмей, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласқымыз келеді. Себебі бұл тұлға болып қалыптасудың алғашқы баспалдағы. Әлқисса, алдыңғы қатардан көрінген студент «жұлдызы жанған студент» атанады.

Бүгінгі таңда Ахаң шаңырағында тәлім алып жүрген, талантты әнші, өмірде жұлдызы жанған студент Гауһар Рүстемқызы. Бабына келген алтын белгінің иегері. Бүгінде ол «шетел филологиясы» мамандығының екінші курс студенті. Зерек қыз төрт тілде ана тілі, орыс, ағылшын, француз тілдерінде еркін сөйлейді. Өнерінің биік белестернен белгі берген дарыны аркасында әлемдік сахналарда Қазақстанның намысын қорғап жүрген, өзге елдерді таңдай қақтырған күміс көмей, талантты әнші. Оған өзім де куә болдым. Бірде университетіміздің төрінде өткізілген іс шарада Игорь Крутойдың Лара Фабианға арнап жазған «Ана» туралы әнін ағылшын тілінде шырқап, залдағы көрермендердің жүрегін елжіретіп, көздеріне жас алғызған болатын. Оның дарыны Тәңірдің Гауһарға бере салған үлкен сыйы. Әлемдік деңгейде жұлдызы жанған әншілеріміз жетерлік, бірақ Қостанайдың киелі жері саналатын Торғай өңірінен шыққан Гауһар даусының көркемдік бояуы бар дара әнші.

Әнші қыздың бүгінде жетістіктері аз емес. 2016 жылы өткен Халықаралық «Алтын микрофон», «Бозторғай», «Жарқын болашақ» байқауларында Қостанай облысының беделін көтеріп, жеңіс тұғырынан көрінді. 2017 жылы Санкт Петербургте өткен «Жұлдыздарға жол» атты халықаралық байқауында Эстония, Литва, Латвия, Россия, Италия, Болгария, Португалия сынды он екі елдің

100-ге жуық өнер көрсеткен жас әншілерінен асып түсіп, бас жүлденің иегері атанды. Бұл байқаудан Мальта, Эстония, Португалия, Болгарияда өтетін халықаралық ән байқауларына жолдама алды. 2017 жылы Лисоковск қаласында «Жарқын жас» байқауының жеңімпазы атанып, 2018 жылы Қостанай облысы әкімінің алғыс хаты мен арнайы сыйлығын алды. Барлық жеңістерінің жемісін көрген 18 жасар Гауһар 2017 жылы тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай облысқа өз үлесін қосқан 25 жастардың қатарына кіріп үлгерді. Сонымен қатар Лисоковск қаласының «Алтын жастар -2017» кітабына да енді.

Гауһардың жетістіктері мұнымен бітпейді. Өткен 2018 жылы жоғарыда айтып өткен шақыртумен 26-30 қыркүйегі аралығында Эстонияның Пярну қаласында ІХ «Алтын жапырақша» халықаралық балалар мен жастар шығармашылық фестивалі өткен болатын. Жарыста «Йә, сен ғажапсың!» атты французша және «Мұны неге білмейсің?» ана тіліндегі әндерді орындап, қазылар



алқасының көңілінен шықты. 9 ел Эстония, Ресей, Португалия, Италия, Польша, Латвия, Литва, Финляндия қатысқан фестивальде Гауһар бірінші орынды иеленді.

«Жақында Алматыда французша ән айтудан республикалық вокал жарысы өтті. Қостанайдан іріктеуден өтіп бардым. Бас жүлде маған бұйырды. Франция елінің Ницце қаласына тілдік курстан өтуге жолдама алдым» - деп, әнші қыз кезекті жеңісімен бөлісті.

Осындай 18 жаста яғни, аутқымалы, толқымалы шақта оның өнерге деген махаббаты мен адалдығына қарап еріксіз таң қаласың. Оның бүкіл мақсат-мүддесі – өнерін жетілдіріп, қазақтың абыройын асқақтату.

Гауһардың бос уақыты жоқ. Өзін жан-жақты дамытқанды ұнатады. «Бос уақытымда спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстанамын. Киімдерден композиция құрып, сән әлеміндегі соңғы жаңалықтарды қалт жібермей, оларды талдағанды жақсы көремін. Джаз, инди, классикалық әуендерді тыңдағанды ұнатамын», - деп сөзін түйіндеді.

Осыншама жетістікке жеткен жас таланттың шығар биігі алда. Тіл мен көзден аман болып, өнердің биік шыңынан көрінетініне сенеміз.

Айым АБДРАШИТ,

Журналистика мамандығының 3 курс студенті



Шаңырақтың шаттығы



А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «Шаңырақ» жастар театр мүшелері Астана қаласында өткен Республикалық студенттік театрлар фестиваліне қатысып қайтты. Мәдени шарада жерлестеріміз «Абақты құмыр» атты спектакль қойып, арнайы жүлдемен оралды.

2019 жылы Елордамыздың төрінде алғаш рет С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университетінде Жастар жылы мен Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығына орай «Бабалар жолы – халқының мұрасы, ұрпаққа аманаты!» атты Республикалық студенттік театрлар фестивалі өтті. Триенналге Қостанай, Алматы, Тараз, Көкшетау, Астана және басқа да шығармашылық ұйымдар қатысуға ниет білдірген. Екі күнге созылған аталмыш өнер додасына театр труппалары үлкен дайындықпен келді. Өнерпаздардың шығармашылығына ҚР Еңбек сіңірген

қайраткерлері, Қалибек Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театрының актерлері Кеңес Нұрланов, Жанат Чайкина, Күлия Қожахметова баға берді. «Таланттың бәрі жастардан шығады. Студенттік ортада жүріп, үйірмелерге қатысып таланттары көріне бастайды. Мысалы біздің студенттердің мамандықтары агроном, биолог, ветеринарлық дәрігер. Бірақ театрға қатысып таланттарын ұштап жатыр. Оқу бітіргенде оларға сертификат беріледі. Сондықтан бұл шараны жастар жылының қарсаңында әр облыстан театрларды жинап, актерлік шеберліктерін көрсету үшін ұйымдастырдық. Бірінші кезекте студенттердің тәжірибие алмасуы бізге өте маңызды» дейді, Бекболат Байсағатов С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ өнер және шығармашылық факультетінің деканы.

Шығармашылық сайыс әлеуметтік тақырыпқа арналғандықтан студенттік театрлар Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев, Шоқан Уәлиханов, Ермахан Бекмаханов және желтоқсан құрбаны Қайрат Рысқұлбеков сынды біртуар қайраткерлер бейнесін сомдады. Атап айтсақ, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының «Дебют» театры «Тар заманда тарихты түгендеген Ермахан Бекмаханов» қойылымымен «Үздік қойылым» номинациясын жеңіп алды. Тараз инновациялық гуманитарлық университетінің «ТИГУ» жастар театры «Желтоқсан жаңғырығы», Астана агротехникалық университетінің «Ақ желкен» театры «Сәкен» трагедиясы, Ш.Уәлиханов



атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің «Жауқазын» жастар театры «Мен бір адамға қашықпын» лирикалық қойылымдарын сахналап арнайы номинациялармен марапатталды. Ал өңіріміздегі А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің қабырғасында құрылған «Шаңырақ» жастар театры

қалалық мәдениет және спорт басқармасының арнайы сыйлығымен «Абақты құмыр» қойылымы үшін марапатталды. Мұндай тарихи, мәні зор қойылымдар арыстардың есімдерін жаңғыртып, жасаған ерліктерін жария етіп залды толтырған жастарды ерекше әсермен жігерлендірді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге диплом мен ақшалай сертификаттар табысталды.

Бүгінгі күні «Шаңырақ» жастар театры 3 жыл ішінде айтарлықтай жұмыс атқарып, үш үлкен қойылым және үлкенді-кішілі шығармашылық кештер қойып үлгерді. Құрамындағы жастар мәдениет майданына шығып, көпшілік алдына өнерлерімен таныла бастады. Енді міне алғашқы гастрольдік сапарға шығып, университетімізді танытып жатыр. Аталмыш тетардың көркемдік жетекшісі әрі режиссері Есенбекова Айсауле Әбдешқызы. Театрдың қазіргі жұмыс барысы жұртшылықтың көңілінен шығып, көрермендердің назарына ілігуде. Келешекте театрдың қоржынынан авторлық туындыларды, жаңа шығармаларды көреміз деген үміттеміз. Айсауле Әбдешқызынан тәлім алған шәкірттері еліміздің мәдениет ошақтарында қызмет етуде. Ендеше, өнерге енді кадам басқан жас буынға аға буын өкілдерінің жолын берсін деймін.

Айым АБДРАШИТ,
Журналистика мамандығының 3 курс студенті



Біз үшін мемлекет тарапынан көптеген қолдаулар көрсетілуде. «Оқимын, тәжірибе алмасамын» деген студенттерге арнайы бағдарламалар қарастырылып, ойдағыдай жүзеге асуда.

Заман талабына сай қазіргі уақыттағы жас мамандар жан-жақты, әрі білікті болуы тиіс. Ол үшін әлбетте жоғарғы оқу орындарында теориялық біліммен қатар практикалық тәжірибе қоса игеріледі. Кейінгі жылдары «мобильді оқыту» бағдарламасы студенттер үшін үлкен мүмкіндік тудырып отыр.



Жастарға берер мүмкіндік

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ветеринарлық санитария мамандығының 3 курс студенті Назира Асан Құттымұратқызы қазіргі таңда «мобильді оқыту» бағдарламасы бойынша Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде білім алуда. Дегенмен бұл мүмкіндік екінің біріне бұйыра бермейді, себебі студенттерден жоғары GPI талап етіледі. Назира тек оқу озаты ғана емес университеттегі «Ахмет Ұрпақтары» пікір-сайыс клубының белсенді мүшесі. Пікір-сайыс аркасында еліміздің барлық өңірлерінде ойын көрсету арқылы университет атын асқақтатып жүр.

Дебатер еншісінде ірілі-ұсақты кубоктар жетерлік, ең ауқымдысы Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай мемлекеттік академиясында өткен республикалық сайыста жүлделі II орынды иеленді. Ораторлық қасиеттерден бөлек, әзілге жақындығы тағы бар. Белгілі бір уақыт аралығында жайдарман ойындарында да төбе көрсетіп үлгерген. Осындай жан-жақты кейіпкеріміз Назира Құттымұратқызы - Түркістан облысы Жетісай ауданы Қарақай ауылының тумасы. Оңтүстікте туып өскен аруымыз бала кезінен медицина саласына деген құштарлығы болғандығын баяндайды. Кейіннен ветеринарлық санитария мамандығына мемлекеттік грант ұтып алған. «Шыны керек әуелде барша туыскандар, жолдастарым мені жануарлар дәрігері ретінде қабылдайтын, уақыт өте оқытушыларымыз екі мамандықтың ара жігін ажыратып көрсетіп берді» дейді кейіпкерім. – Ветмедицина мал дәрігеріне оқытатын болса, ветсанитария негізінен лабораториялық жұмыс болып табылады. Бұрындары

бұл мамандықтар бірге оқытылатын еді, дегенмен мамандықтардың атқаратын жұмыстарының бағыты әртүрлі екендігін көрініп ветсанитария және ветмедицина болып екіге бөлінген.

«Ветсанитария мамандығы адамзат өмірінде елеулі қызмет атқарады, себебі күнделікті астарыңызға қолданылып жүрген мал өнімдері біздің тексеруімізден өтеді. Сол себепті де бұл мамандық тың, қазіргі кезде қажеттілігі жоғары, әрі бұл салада мамандар тапшы. Мамандық түлектерінің бәрі дерлік жұмыспен қамтамасыз етілген. Маған өз мамандығым қатты ұнайды және мен бұл мамандыққа түскенімен өкінбеймін. Болашақта оқытушыларым секілді докторантура, PhD докторы, профессор сияқты атақтарды иеленіп, өзімнің жеке зерттеу орталығымды ашамын немесе ұлттық зерттеу орталығында жұмыс жасағым келеді. Мен А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде оқытынымды мақтан тұтамын»- дейді Назира Құттымұратқызы.

Қай уақытта болмасын білімді маман өз қажеттілігін жоғалтпайды, мемлекет тарапынан білікті, өз ісінің шебері атана алатындай тәжірибе мен білімді жинақтауға мүмкіндік беріліп отыр, тек мүмкіндікті жіберіп алмасаң болғаны.

Мереурт АХАН,
Журналистика мамандығының 3 курс студенті

Óзимиз úshin ғана ómir súrmeiik...



Павлодар қаласында өткен «Ұлы даланың ұлағаты» атты журналистика мамандығы бойынша студенттер арасындағы ХІ Республикалық пәндік олимпиаданың эссе номинациясы бойынша үздік деп танылған жұмыс.

Ómir – adamға bir - aq ret beriletin baға jetpes qymbat syı. Osyndai syıdy bizge syılaған kim? Árine, saған osyndai baға jetpes syı syılaған eң qymbat adamdaryń - ata – anań. Eger saған anań osyndai baға jetpes syı syılasa, sen soған laıyqty ómir súryge tiissiń. Adamdar, negizinen, bul ómirge qonaq. Sony túsinip, sezine bilgen adam ómirdiń shyn rahatyn sezinedi. Ómirdegi túrli oqıǵalarda saған súieý bolatyn, súringende demetin dosyń bolǵany durys. Jaqsy dosy bar adam túzy joldan taimaıdy.

«Ómir - ózen aǵyp jatyr, tynbaıdy, Ómir bolmas qasiretsiz, muń qaıǵy»,

- dep qazaq halqy ómirdi aǵyp jatqan ózenge teńeıdi. Ótkeni ómir ózen tárizdi toqtaýsyz, eshkimgе bildirmeı ótip jatady. Sol ózen aǵynynda keıbir jan óz arnasyn taıyp jatsa, endi keıbireýleri bastaryn tasqa da, jargа da uryp, óz jolyn taba almaı jatady. Sońǵysy, árıne, ókinishti - aq.

Osyndai Allanyń bergen ǵajabyn barynsha maǵynaly súrip júrmiz be degen suraq kókeimде tur. Bul ómirde jetistikke jetip, shyńdardy baǵyndyryǵa kómektesip júrgen jandar úshin de ómir súrip kóreikshi...

Qañtar aıynyń 25 inshisi juldyzynda shyr etip dúme esigin ashtym. Mine, sol kúnnen beri ata- anam meni tárbielep, ósirdi. Osy ýaqytqa deingi erkeligimdi de, qyrstyqyǵymdy da kótere bildi. Bar bilgenderin maǵan úretýge tyrsty. Úlken ómirge meni myqtap turyp tárbieleđi. Nátiyesi mine, men óz-ózime jaıap bere alatyndai qyz bolyp óstim. Ol kisilerdiń bergen tálim- tárbiesi men eńbegin ózderine eki eselep qaitary ol meniń aldymdaǵy úlken paryz dep bilemin.

Keıinnen, elim úshin de ómir súre bilým kerek. Táýelsiz eldiń urpaǵy retinde elimdi abyroıly etip, atyn shyǵarýda tynbai



eńbek etý ol meniń mindettim. Qoǵamdy quraýshylarlyń basym bóligi jastар болǵандықтан, олар сауатты, bilimdi, jan- jaqty болǵандары jón. Eldiń damýy úshin de ómir súreik!

Oıymdy qorytyndylai kele mynadaı túin shyǵargym kelip otyr, adamdar árqashan da tek ózi úshin ғана емес, ózin qorshaған орта úshin de ómir súryi kerek. Sebebi, seniń ómirindegi ár adamnyń орны óте маңызды. Ekinshiden, Otanym деп ómir súretin jastardyń qatary kóbeıyi kerek. Tuńǵysh Elbasymyz N.Á.Nazarbaev óz sózinde "bolashaq jastardyń qolynda" деп beker atpaған. Iá, rasymen búgingi jas, erteńgi bolashaq. Bolashaǵymyz myqty bolsyń desek, biz de myqty bolaryq!

Nazerke Janbolatqyzy
2 kýrs stýdenti



КІТАПСЫЗ ӨМІР СҮРУ МҮМКІН ЕМЕС

Әрбір кітаптың бетін ашқан сайын өзгеше бір әлемге тап боласың. Әр кітапты оқыған сайын жаңа бір нәрсе үйренесің.

XXI ғасыр – ақпараттық технологиялар заманы. Интернет желілері әлемнің түкпір-түкпірінде орнатылған. Дегенмен бұл біздің қоғамда кітаптың рөлі төмен немесе кітапханалардың келешегі жоқ, деген сөз емес. Жазушы Ғ.Мүсірепов айтпақшы, «Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік».



Мен үшін оқыған әрбір кітабымның орны ерекше. Алтыншы сыныптан бастап көркем әдебиетке деген қызығушылығым арта түсті. Осы кезден бастап Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Майлин, Ә.Нұрпейісов сынды жазушылардың бірнеше шығармаларын оқып үлгердім. Ал поэзиядан М.Әуезовтың сөзімен айтқанда «Алдымен Абай, кейін Мағжан» шығармаларын сүйіп оқимын. Дегенмен әрбір адамның өмірінде оған ерекше әсер етіп, көзіне еріксіз жас әкелетін кітаптар болады. Себебі кітап – орасан зор

күш. Мен үшін әрбір жазушының орны ерекше. Әрбір кітап бір бөлек әлем.

Әдеби шығармалар ішінен роман және повесть жанрлары жанымға жақын. Солардың ішінде жүрегімнен ерекше орын алған шығарма - Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романы. Жазушы бұл туындысына қазақ кедейінің өмірін, оның әлеуметтік арпалыстар кезінде күйбең тіршілігін эпикалық үлгіде көркем бейнелейді. Қазақ ауылының азаматтық күрестен кейінгі жаңа ұмтылысы, қарапайым қазақ баласының білім жолындағы күресі баяндалады. Шығармада бірнеше тарихи оқиғалар кездеседі. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы ақпан төңкерілісі, Алаш партиясының құрылуы, ақтар мен қызылдар соғысы. Шығарманың басты кейіпкері Қартқожа өте жуас, момын әлсіз кедей бала. Роман осы баланың бастан кешкен оқиғалары жайлы өрбиді. Ол кішкене кезінен бастап, бай баларының әлімжеттігін, әкесі Жұманға бай бағландарының көрсеткен қорлығын көзбен көреді. Уақыт өте келе осы зорлық пен қорлықтан құтылудың бірден бір жолы білім алу деген ойға түседі. Осы оймен діни сауатын ашуды қолға алады. Дегенмен бұл ескіше сауат оны кедейліктен құтқара алмайтынына көзі жетеді. Ауылда жүріп орысша білімі бар тілмаштарды, аткамінерлерді ешкім де қорлай алмайтынын көреді. Ендігі оның бар мақсаты орыс тілін үйрену

болатын. Осы жолда бас кейіпкер біраз арпалысқа түседі. Мектепке баруға жасы өтіп кеткендігін біліп, қатты күйінеді. Оның үстіне жұт болып, аз-маз малы қырылып қалған әкесі байдың ауылынан ұн әкелемін деп қаза табады. Сөйтіп шейіттей бала-шаға оның жауапкершілігіне өтеді. Енді ғана жағдайы түзелді дегенде бай балаларының орнына тыл жұмысына алынады, кейіннен соғысқа аттанады. Солдат өмірі Қартқожаның көзін ашады. Осы жерде ол Андрей атты жігітпен танысып, орысша үйренеді. Өмірге тың көзқараспен қараайды.

Роман соңында Омбыдағы елге оралған бұрынғы Қартқожа емес, сауатты, орысшаға судай Қартқожа ел алдында жігерлі сөз сөйлейді. Оларды білім мен еңбекке шақырады. Осылайша еңбекті сүйген, ел үшін күйген жастардың арасына қосылады.

Осы шығарманы оқыған соң түйгенім, адамзат баласының қол жеткізген жетістіктерінің бәрі тек білім арқылы келді. Заңғар жазушы М.Әуезов айтпақшы, «адам мен адамды, халық пен халықты теңестіретін білім ғана». Алдағы уақытта қазақ, орыс және Еуропа әдебиетін тереңірек оқу жоспарда бар. Себебі кітаптан үйренеріміз әлі де көп.

Акерке ЖАНМҰРАТ,
Журналистика
мамандығының 1 курс студенті

Кітап - өмірлік ұстаз



Кітапты оқи отырып, біз өзіміз үшін көптеген жаңа нәрсе үйреніп, білім көкжиегімізді кеңейтеміз. Кітап бізді сауатты болуға, сөз қорымызды кеңейтуге, дұрыс ойлап, тұжырымдауға, ойымызды

нақты және анық жеткізе білуге итермелейді. Әсіресе, әдеби туындылар адамның ой санасына, сезіміне әсер етіп, адамның өмірін өзгерте алады.

«Өмірін өзгерту» дегенде, тек қана адамды сауаттылық пен нақтылыққа үйретіп қоймай, оның мінез құлқын, өмірге деген көзқарасын өзгерте білу. Кітап оқырманның бойында ерекше бір әсер қалдырып, әр адам кітапты қолына алып, оқыған кезде ләззат алып, кітапқа деген қызығушылығы артта білуі керек деп санаймын.

Мен үшін кітап оқу пайдалы істердің бірі. Бос уақытым болған жағдайда, кітап оқуға тырысамын. Жалпы, өзіме шет елдердің әдеби туындалары ұнайды. Менің жүрегімде өзінің әсерлігімен із қалдырған кітап Джон Гриннің «Виноваты звезды» романы. Романда тек қана қатерлі ісікке шалдыққан жасөспірім туралы ғана емес, өмір сүруге деген құлшыныстары бар жастар туралы баяндалған. Әрине, өлім мен ауру сюжеттік желіні дамыту үшін негіз болса да, роман өзі өмірге толы. Джон Гриннің романы

ауру адамдардың сау адамдарға қарағанда өмірі қызыққа толы екенін көрсетеді.

Романның басты кейіпкері бірнеше жылдан бері қатерлі ісікпен ауырып жүрген он жеті жасар қыз. Ол ғажайып түрде аман қалады, бірақ та өз өзімен дем алу мүмкіндігінен мәңгілікке айырылады. Ол мектепке бармайды, қиял әлемінде өмір сүреді және де ауыр депрессиядан зардап шегеді. Бірақ содан кейін ол өзі сияқты баланы кездестіргеннен кейін, оның өмірі толықтай өзгереді.

Дегенмен, «Виноваты звезды» романы қорқынышты ауруға шалдыққан жасөспірімдер махаббаты туралы деп айту дұрыс болмас еді. Себебі, бұл роман белгілі бір дәрежеде осы өмірде қандай қиын жағдай болмасын шыдап, өміріңді жалғастыра беру керек екендігін дәріптейді.

Қорытындылай келе, роман оқырманды терең ойлануға мәжбүр етеді. Әрине, әркім романды оқығаннан кейін, өз қорытындысын шығарып, олардың сезімдерін анықтайды.

"ЖЕТІМ" ӘНГІМЕСІ

Қоғамның қайшылықты даму жолында өздерінің күрделі қырларымен өшпес із қалдырған тұлғалар бар. Қазақ халқының дүние жүзіне аты мәшһүр ұлы ойшыл-жазушысы, ғалым-ұстазы, мәдениет пен қоғам қайраткері, жаңа заманның жаңа әдебиетінің негізін салушылардың бірі – Мұхтар Әуезов. Оның өмір жолына зер салғанда, мен жалпы өткен кезге көз жүгіртіп, бұрын байқалмаған қажетті жәйттерді тереңірек көруге мүмкіндік алдым. Мұндай тағдыр халықтың зердесіне нұр құйып, әділеттілік сезімін, ұлттың өзіндік санасын ұштайды. Жазушының шығармашылығы – қазақ өнерінің кемелденуінің айғағы. Әлемдік мәдениетке қазақ халқы қандай көркемдік игіліктер қосты дегенде, ауызға алынар есімнің бірі – Әуезов. Ол – әлемдік құбылыс. Әуезов – ғасырлар бойы жиналып келген қазақ топырағындағы асыл құнарлардың жарқырап қайта көрінуінің үлгісі. Әуезов мұрасы заманнан заманға, ғасырдан ғасырға ұласатаны сөзсіз.

Әңгімеде жетімдік, қатігездік, немқұрайлық

тақырыптары қозғалады. Он жасар тұл жетім Қасым деген баланың аяусыздыққа толы өмірі, көрген қорлығы және зорлықтан артық көрген өлімі суреттеледі. Жетімдердің әлсіздігі, көмекке зәрулігі, қиындықтардан жиналған удың неге болса да, аппаратындығы, ата-ананың орнын ешкім баса алмайтындығы кең ашылған. Оқиға өте қайғылы. Жетімдер тақырыбының өзектілігі көрсетілген.

Қасымның асырап алған ағасының үйінде көрген қиындықтары мені қатты қынжылтты. Шынымен де, өз балаңа бере алатын жылулықты басқа үйдің баласына дәл сол дәрежеде бере алу көбіміздің қолымыздан келмеу мүмкін. Не дегенмен, қатігездікті аз көрсетуге болады деп ойлаймын. Өлімге дейін жеткізетін ауырлықты жинау қандай болатыны туралы ойлаудың өзі қиын. Әңгіме тек қазіргі балалар үйінің тәрбиеленушілері жағдайы анағұрлым жақсырақ шығар деген ойға қалдырды.

Гүлшар БАҚЫТЖАН,
Журналистика мамандығының 2 курс студенті



Рухани жаңғыру: діни, білім, ғылым



Рухани жаңғыру тапсырмаларының бірі адамның діни, білім және ғылыми тұрғыда дамуына жол ашу, соған бағыттау. Осы тұрғысында Аграрлық-биологиялық

факультетінде этносаралық және конфессияаралық келісімді зерттеу орталығының директоры Жангелді Арсенұлы Шауқеновпен кездесу өтті.

Дәріс-диалог фоомаатындағы басқосуда студенттер мен спикер рухани және қоғамдық даму тақырыптарын талқылады. Мемлекет саясатының арқасында көп нәрсеге қол жеткізілгені және әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру үшін рухани байлықты арттыру қажет екендігі аталып өтілді. Бүгінгі таңда әрқайсымыздан оның одан әрі дамуына жеке үлес қосу қажет. Шауқенов Ж.А. мемлекет басшысы жастар жылы қарсаңында бізді тарихи мұраны сақтауға, біздің ата-бабаларымыз құрған және қорғап қалған мемлекетіміздің тұтастығын, бірегейлігін, мызғымастығын сезінуге бағыттайтынын атап өтті. Оған қоса толеранттылық, халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне, сеніміне және нәсіліне деген құрмет мәселелері талқыланды.

Волейбол жарысы



Жастар жылы аясында түрлі шаралар ұйымдастырылып, студенттердің жан-жақты дамуына жағдай жасалуда. 2019 жылдың 13 сәуірінде жастар жылы аясында аграрлық-биологиялық факультетінің «Декан кубогы» сарапқа салынды.

Аталмыш сайысқа аграрлық-биологиялық, инженерлік-техникалық, экономика, ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің құрама командалары қатысты. Ойынның нәтижесі бойынша қатысушылардың барлығы мақтау қағаздарына ие болды. Жеңімпаз ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің студенттері атанып, кубок және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Айкүміс СӘКЕН,
Аграрлық-биологиялық факультеті тәрбие ісі
жөніндегі деканның орынбасары